**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**
**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы**
**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ
## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**ҚАРАҒАНДЫ 2012**

**Қазақстан Республикасы**
**Ішкі істер министрлігі**
**Бәрімбек Бейсенов атындағы**
**Қарағанды академиясы**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

## Негізгі бөлім

## Сызбалар альбомы

**Қарағанды** 2012

**УДК 351/354(075.8)**
**ББК 67.401.213**
**Ә15**

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми кеңестің шешімі бойынша басылымға шығарылады

**Пікір берушілер:** Қазтұтынуодағы ҚЭУ Іскерлік және құқық факультетінің деканы з. ғ. к.,***Ф. С. Момышева;***
Қарағанды облысы ІІД бастығы орынбасары полиция полковнигі ***Б. С. Бөлекбаев***

**Е. Т. Әбеуов, Е. Т. Қалықов, Ә. Т. Нұрмахамбетов**
**Ә15** Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі. Негізгі бөлім. Сызбалар альбомы.
Қарағанды: ҚРІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012. -182 б.

**ISBN 978-601-7231-57-6**

Жұмыста Қазақстан Республикасы ІІМ әр түрлі қызметтерінің және бөлімшелерінің қызметінің негізгі бағыттары, функциялары және міндеттері, олардың басқада құқық қорғау органдарымен өзара қарым қатынасы қарастырылған Қазақстан Республикасы ІІМ оқу мекемелерінің тыңдаушыларына және қытушыларына, сондай-ақ құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметкерлеріне арналған.

**УДК 351/354(075.8)**
**ББК 67.401.213**

**ISBN 978-601-7231-57-6**

© ***ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012***

# Кіріспе

Барлық құқық қорғау органдарының, сонымен қатар ішкі істер органдарының жұмыстарының тиімділігін арттыру, құқықтық мемлекет құру заңдылығымен құқық қорғауды қамтамасыз ету талаптары қойылған.

Ішкі істер органдары міндеттері мен функцияларын орындау кезінде әкімшілік-құқық құралдарын қолдану арқылы әкімшілік қызметті жүргізуде алатын рөлі өте жоғары. Бұл қызмет накты тұлғаларды қорғауға, оның құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға және құқық бұзушылықпен күресуге бағытталған. Сол себепті, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін оқып үйренген жоғары оқу орындарының тыңдаушылары үшін өте маңызды болып отыр.

Көрсетілген қызметті оқып үйрену мақсатында "ІІО әкімшілік қызметі" – атты бағымы қарастырылған және ол профилді арнайы пәндердің бірі болып табылады. Бағым әдістемелік құқық ғылыммен, мемлекеттік теория жағдайымен негізделіп, оқырмандар үшін негізгі қалыптасқан әдістемелік мағынасымен ерекшеленеді.

Ол "құқық қорғау органдарының басқару негізі" бағымымен және профилді заң оқу орындарының басқа да пәндерімен тығыз байланысты.

Ұсынылып отырған "ІІО әкімшілік қызметі" атты оқу құралы осы бағымды тез игеруде, тәжірибеде өздерінің міндеттерін кәсіби деңгейде орындау, қажетті білімді алу және оны қолдана білу үшін көмек көрсетуге бағытталған.

Оқу құралы оқырмандарды ІІО әкімшілік қызметінің мағынасымен тағайындалуын, оның міндеттерімен, нысандары және атқару әдістерімен, осы қызметте заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдерімен, әкімшілік қызметтің субъектілерімен және олардың құқықтық мәртебесімен таныс етеді. Онда ұйымдастыру және ІІО әкімшілік құқық тәсілдерінің қоғамдық тәртіпке қол сұғушылық жасайтын жеке құқық бұзушылық түрлерімен күресу сұрақтарына көңіл бөлінген.

Оқу құралдың авторы, ІІО тәжірибесіндегі қызметкерлеріне қажетті деңгейдегі білімді жеткізуге талпынған, олардың (жедел уәкіл, сарапшы-криминалист, тергеуші, полицияның учаскелік инспекторы және тағы басқалары) таңдаған мамандықтарына қарамастан, әкімшілік қызметімен әр түрлі деңгейде қарым-қатынаста болатынын естелік етеді.

Оқу құралын дайындау кезінде заңнамалар, жарлықтар, қылмыспен күресуді күшейту, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы Үкімет қаулыларын, сонымен қатар ІІО қызметін реттейтін нормативтік актілері кең көлемде қолданылған. Автор оқу құралын дайындау кезінде ІІО әкімшілік қызметі бойынша ғылыми және басқа да әдебиет көздерін қоса қолданады. Барлық сұрақтар жаңа дәуірдегі ІІО тәжірибелік қызметіндегі әдістер және озық нысандарын ескере отырып қарастырған.

Осы оқу құралының көлемінде барлық әкімшілік қызметінің аппараттары мен бөлімдері жүргізетін өзіндік ерекшеліктерін қамту өте қиын және мүмкін емес екенін “ІІО әкімшілік құқық қызметі” бағымын оқытатынын оқытушылар естен шығармағаны жөн.

Сол себепті оқу үрдісінде бағымды толық көлемде оқып меңгеру үшін ІІО ведомствалық нормативтік актілерін және арнайы әдебиеттерді алып оқыған дұрыс.

# Әкімшілік полиция қызметі

**Қазақстан Республикасы ІІМ әкімшілік полиция Комитетінің құрылымы**

**Басшылық**

- алдын алу қызметтік басқарма
- Патурльдік полиция  басқармасы
- Лицензия лық рұқсат беру жүйесінің басқармасы
- Көші-қон полиция басқармасы

- Азаматтық және көші-қон басқармасы
- Мемлекеттік күзет қызметінің басқармасы
- Арнайы полиция басқармасы
- Арнайы  мекемелердің басқармасы
- Әкімшілік басқарма

## Қазақстан Республикасы ІІМ әкімшілік полиция қызметінің жұмысының негізгі бағыттары

Полицияның учаскелік инспекторлары

Жасы кәмелетке толмағандар бойынша полицияның учаскелік инспекторы

Патрульдік қызметтің бөлімі

Лицензия рұқсат беру жүйесінің бөлімі

Табиғатты қорғау және ветеринарлық қызмет бөлімі

Жол полиция бөлімі

ІІО арнайы мекемелері

# ІІО әкімшілік полиция қызметінің басқармасы (ішкі ұйымдастыру аспектісі)

**Басқару циклінің негізгі элементтері**

| | | |
|---|---|---|
| Басқару шешімін дайындау және қабылдау | Мақсаттарды ұсыну және міндеттерін бағалау, түсіну | Жедел жағдай туралы мәліметтерді толтыру (ақпараттарды) |
| Жедел жағдайды бағалау және алынған мәліметтерді (ақпараттарды) сараптау | Басқару шешімінің мақсатын анықтау және аналитикалық тұжырымды қалыптастыру | Қолайлы жолдарын таңдау және қабылдау, мүмкін болатын басқару шешімін дайындау |
| Қабылданған шешімді орындауды ұйымдастыру | Орындаушыларға тапсырма беру, оларға нұсқау жүргізу | Орындаушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру, олардың қызметін реттеу |
| Алғы тәжірибені енгізу,қосу және оқу | (қажет болған жағдайда) | Басқару шешімін орындауды тексеру және бақылау |

## Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті қорғау

Азаматтардың,мекемелердің,ұйымдардың,кәсіпорындардың заңды мүдделерін және құқықтарын қылмыстық және басқада құқыққа қарсы іс-әрекеттерінен қорғау

Қылмыстарды ашу, әкімшілік құқық бұзушылықтардың, қылмыстардың жолын кесу,ескерту және анықтау

Үсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету

Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау

Лицензиялық және рұқсат ету қызметін жүзеге асыру

## 2 тарау. Полицияның патрульдік бекет қызметі

Полицияның патрульдік бекет қызметі қалада, тұрғылықты аймақтарда, көліктерде арнайы тағайындалған нарядтармен ұйымдастырылады, воқзалдарда, саяжайларда, көлік жолдарында, аэропорттармен тағы басқа қоғамдық орындарда, көшелер мен алаңдарда, сонымен қатар жаппай шаралар жүргізу кезінде, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші негізгі құрал болып табылады



## Полицияның патрульдік бекеттік қызметінің негізгі күштері




**Патрульдік бекеттік қызметі атқару кезінде қолданылатын құралдар**
Автокөлік, арнайы автомобильдер, бронемашиналар, мотоциклдер, катерлер және велосипедтер, басқа көлік құралдары
Табельді атыс қаруы, жабдықтар және арнайы құралдар
Радио мен сымдық байланыс біріктірілген базасына қосылған борттық компьютерлер және арнайы техникалар (сонымен қатар электромегафондар, телевизиялық бақылау жүйесі)
Жарықтандыратын құралдар, арнайы аппаратура және басқа техникалық құралдары
Қызметтік жануарлар (иттер, жылқылар)

## Полицияның патруль бекет қызметінің нарядтарының түрлері

Бекет – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша полиция қызметкерлері (бекеттегілер) өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда құрылған жер немесе учаскелер, бекеттер тұрақты және қозғалмалы болып құрылады

Патрульдік топ- құрамы полицияның кешенді күштерінің бірнеше патрульдерінен тұратын,бекітілген патрульдік учаскеде немесе бұқаралық шара өткізіліп жатқан аймақ, обьект аумағында қызмет атқару үшін біріктірілген бірнеше полиция нарядтары

Поезда, кемеде еріп жүруге арналған полиция наряды жол жүру кезінде көлік құралдарының қозғалысы бағытында қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу мақсатында тағайындалады .

Тосқауыл – құрамында полиция қызметкерлері тобының (бөлімшесінің) белгілі бір учаскесін бақылау немесе жекелеген бағыттарды тосқауылдау наряды

Бақылау-өткізу пунктінде (бұдан әрі – БӨП) полиция наряды белгілі бір ауданда (мекенде) бұқаралық шаралар өткізу кезінде, табиғи апаттар, эпидемиялар мен эпизоотиялар туындаған және басқа төтенше жағдайларда өткізу режимін қамтамасыз ету немесе көлік пен жолаушылардың қозғалысын шектеу мақсатында қойылады

Жылжымалы полиция пункті-бекітілген секторда патрульдік қызмет атқаратын автомобильдегі арнайы полиция наряды. (біріктірілген деректер базасына қосылған компьютермен жабдықталған автобустар) шалғай және криминогендік патрульдік учаскеде, сондай-ақ жедел жағдай шиеленіскен жағдайда алдын алу іс-шараларын жүргізуге арналған наряд

Қосалқы топ – полиция қызметкерлерінің патрульдер мен күзеттерді жедел жағдайдың өзгеруіне байланысты кенеттен пайда болған міндеттерді шешуге немесе патрульдеушілер мен бекет қызметкерлерін алмастыруға арналған наряд.


Жедел жағдайды сараптау және осының негізінде патрульдік-бекеттік қызмет атқаруды ұйымдастыруға шешім әзірлеу және қабылдау
ПБН қызмет нәтижелерін есепке алу мен бағалау
Күш-құралдарды, алға қойылған міндеттерді орындау үшін даярлау, нарядтарға нұсқама беру
Полицияның кешенді күштерінің нарядтарын басқару
Патрульді бекеттік қызметті ұйымдастыру және атқарылуын бақылау
ПБН-мен ұдайы, тұрақты байланыста болу, уақытында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету .
Өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру, күштер мен құралдардың оңтайландырылуы

## Патрульдік бекеттік қызметі ұйымдастыру сатылары

Қалалық, аудандық, желілік органның қалыптасқан жедел жағдайдан туындайтын жалпы міндеті

Жеке құрам мен техникалық құралдарды бөліп шығарудың міндетті нормалары

ПБН құрамы, орналастырылуы және міндеттері, қызмет атқарудың ерекшеліктері, олар арасында, полицияның басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру

Жағдай өзгерген кезде күш-құралдарды маневр нысандары мен мүмкіндіктері

Нарядтармен байланыста болу жүйесі, ақпарат табыс ету мерзімдері,берілетін белгілер мен шартты белгілер

Патруль-бекеттік қызметің атқарылуын бақылау тәртібі

## Полицияның кешенді күштері мен құралдарын пайдалану жөніндегі жоспарды әзірлеу іс-шараларын жүргізу бойынша жоспар құрастыру

Қаланың(ауданның), көлік учаскесінің сызбасын дайындау

Көше қылмыстарына және басқа да құқық бұзушылықтарға, олардың жасалған орны, уақыты, апта күндері және ай күндері, адамдар бойынша талдау

Қызметтер мен бөлімшелердің жеке құрамын қоғамдық тәртіпті сақтауға тәулік сайын бөліп қоюға, сондай-ақ техникалық құралдарды, тәулік ішінде шешім қабылдау үшін қажетті міндетті нормасын анықтау

Жол полициясының, мамандандырылған күзет қызметі, жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың, ІІО арнайы мекемелері бөлімшелерінің, оның ішінде қосымша күштер мен құралдар бөлінген кезде патрульдеу бағыттары мен бекеттерін әзірлеу

Патрульдік полиция саптық бөліністерінің, ішкі әскерлердің ЖМБ мен АМБ бағыттары мен бекеттерін әзірлеу

Қызметтер мен бөлімшелердің нарядтарын кешенді қоюды өзара іс-қимыл жасауын және өзара орнын ауыстыруын қамтамасыз ету тұрғысынан нақтылау және келісім негізінде орналастырылуына тиісті түзетулер енгізу

Күштер мен құралдарды бөлудің міндетті нормаларын, шекараны, аумағының басталу және аяқталу уақытын, нарядтардың түрлерін , өзара іс-қимылын жасау тәртібін, олардың құқықтық тәртіпті, жол қозғалысын қадағалауды және меншікті обьектілерді күзетуді қамтамасыз етудегі жалпы ерекше міндеттері көрсетілген бекеттер мен бағыттары бар ПКК жоспарының мәтінін дайындау

Патрульдердң бағыттық карточкаларының, нұсқама және бақылау сызбасын кестесін, байланыс сызбасын, нарядтарға нұсқамаларда пайдалану  үшін кіріспе міндеттерді әзірлеу

Полицияның кешенді күштерінің жұмыс қорытындысын сипаттайтын мәлімдемелерді жинау үшін ақпараттық кестелер дайындау

## Патрульдеу және бекетте қызмет атқару карточкаларының мәліметтері

Патрульдеу бағыты, оның ара қашықтығы, шекарасы және бекет орталығы

Қызмет атқару уақыты

Ерекше назар аударуды қажет ететін объектілер және аймақтар

Бағыт бойынша қозғалу тәртібі және қызмет атқарудың негізгі тактикалық әдістері

Нарядтардың қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылық фактілерінің алдын алу және жолын кесу жөніндегі , сондай-ақ жедел жағдай қиындаған кездегі әрекеттері

Көршілес нарядтармен, қалалық, аудандық, желілік органның кезекші бөлімімен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл және байланыс жасау тәртібін, сондай-ақ бұл учаскелердің бейне бақылау камераларымен жабық радиобайланыс өтпейтін аймақтары мен осы учаскелермен байланыс түрлері көрсетіледі

## Қызметке түсу кезінде нарядтарға қойылатын талаптар

**Өзімен бірге болу керек**

1) қызметтік куәлік;
2) қызметтік кітапша, бекет, бағыт карточкасы;
3) оқ толтырылған екі оқжатар (магазин) табелдік атыс қаруы
4) резеңке таяқ;
5) радиостанция;
6) кісендер;
7) ысқырғы;
8) қаламсап, планшет немесе қызметтік сөмке;
9) Жеке пакет дәріқорап (аптечка).

**Орындайтын міндетіне сипатына байланысты қосымша беріледі:**

10)Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы есепке алынған хаттамалар бланктері;
11) электромегафондар;
12) қалталы электірлі фонарі;
13) арнаулы телефон, темір жол вагонының есіктерін ашатын кілттер;
14) жеке басын қорғау құралдары және басқа да арнаулы құралдар

## ІІО нарядтарының байланыстарын ұйымдастыру

Байланысты ұйымдастыру бойынша міндеттерді орындауды қамтамасыз ету

Байланысты ұйымдастыру тәсілін дұрыс таңдау

Ішкі істер органы немесе бөлімшесінің жеке құрамының байланысты пайдалану және байланыс арналары бойынша сөйлесуді жүргізу ережелерін нақты білу және дәл атқару.

Байланысты пайдаланудың жоғарғы тәртіптілігімен

Байланыс құралдары мен арналарын тиімді пайдаланумен

Байланыс техникасын оның тағайындалуына және оны пайдалану талаптарына сәйкес қолданумен

Дер кезінде техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастырумен

Байланыстың қосалқы жабдықтарының, күнделікті қолданыстағы және резервтік байланыс арналарының болуымен қамтамасыз етіледі

## 3 Тарау. Қылмыс жасаған сезіктілерді және айыпталушыларды күзету, уақытша ұстау және айдауылдау бойынша полицияның қызметі

**Қылмыс жасаған сезіктілер мен айыпталушыларды және қамауға алынған тұлғаларды уақытша ұстау үшін ІІО-ң оқшаулағышларының тағайындалуы**

**ІІО УҰИ адамдарды уақытша ұстау үшін арналған:**

- Қылмыс жасаған сезіктілерді
- Қылмыстық істер бойынша қамауға алу бұлтартпау шарасы таңдалғанда
- Сот органдарының қамауға алу шешімдері, үкімдері бойынша
- Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды

# УҰИ ұстау режимі



## УҰИ азаматтарды ұстау және қабылдау негіздері

Тергеуші немесе анықтаушының толтырған хаттамасы (оған жеке тінту хаттамасы, прокурорға және күдіктінің туыстарына хабарлама қосымша тіркеледі)

Айыпталушыға қарсы қамау түрінде шара қолдану туралы соттың қаулы немесе (үкімнің көшірмесі) үкімі, прокурормен немесе оның орынбасарымен санкцияланған тергеушінің, анықтаушының қаулысы

Айыпталушыға немесе күдіктіге қарсы қамауда ұстау үшін қамау түрінде шара қолдану Қазақстан Республикасы ҚІЖК 152 б. сәйкес жүргізіледі Қазақстан Республикасы КІЖК көрсетілген өкілеттік шегінде прокурордың қаулысымен, сонымен қатар прокурордың немесе оның орынбасарымен санкцияланған тергеушінің, анықтаушының қаулысы

Қамауда отырған тұлғаларға байланысты шығарылған арнайы медициналық мекемеге орналастыру туралы соттың Қазақстан Республикасы ҚІЖК 509-б. сәйкес прокурордың қаулысы

**УҰИ қамауда отырғандарды және ұсталған тұлғаларды шығару үшін негіздері**

Қазақстан Республикасы ҚІЖК сай тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе соттың қаулысы.

Қазақстан Республикасы заңнамаларына сай қамауға алынған айыпталушының, күдіктілердің ұстау мерзімінің аяқталуы туралы ұстау орнының әкімшілік бастығының немесе прокурордың қаулысы.

## УҰО кіруге рұқсаты бар тұлғалар

қамауда ұстау орындарында заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асырушы прокурорлар жеке куәлігін көөрсеткен соң тәуліктің кез келген уақытында бөгетсіз кіре алады

ішкі істер органында сезіктілер мен айыптаушыларды күзету жөніндегі қызметінің ұйымдастырылуын және өткерілуін тексеруді немесе бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды, қамауда ұстау орындарының полиция қызметкерлері - жеке куәліктерін көрсеткенде

басқа қызметтердің қызметкерлері - жоғарыдағы ішкі істер органы бастығы берген арнайы ұйғарымды көрсеткенде

прокурорлар, ішкі істер органының тергеушілері және анықтауды жүргізуші адамдар - жеке куәліктерін көрсеткенде, уақытша ұстау оқшаулағышының тергеу кабинеттеріне және тергеу іс-әрекеттері өндірісін жүргізу үшін ғана

криминалдық полицияның қызметкерлері - жеке куәліктерін және қылмыстық іс өндірісін жүргізуші адамның жазбаша рұқсатын көрсеткенде - уақытша ұстау оқшаулағышының тергеу кабинеттеріне

қылмыстық процестің қатысушылары немесе оларға қатысатын полиция қызметкерлері, тергеушінің немесе анықтауды жүргізетін адамның ертуімен, жеке куәлігін көрсеткенде - уақытша ұстау оқшаулағышының тергеу кабинеттеріне

қорғаушылар - заң кеңесінің ордерін көрсеткенде - уақытша ұстау оқшаулағышының тергеу кабинеттеріне

белгіленген тәртіпте сезіктілермен және айыпталушылармен кездесуге рұқсат алған адамдар - тиісті рұқсатты және төлқұжатын (оны алмастыратын құжатты) көрсеткенде - кездесулерге арналған бөлмелерге ғана

медициналық көмекке зәру адамға көмек көрсетуге келген медициналық қызметкерлер - нарядты көрсеткенде және уақытша ұстау оқшаулағышы кезекшісінің (кезекші көмекшісінің) немесе уақытша ұстау оқшаулағышы бастығының ертуімен - ауру адамға

қамауда ұстау орындарын санитарлық қадағалауды жүзеге асыратын немесе уақытша ұстау оқшаулағышында індетке қарсы жұмыстар жүргізу үшін келген денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері - арнайы ұйғарымды көрсеткенде - уақытша ұстау оқшаулағышының барлық үй-жайларына уақытша ұстау оқшаулағышы кезекшісінің немесе уақытша ұстау оқшаулағышы бастығының ертуімен

## Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары

Бөлек орналастыру талаптарына сәйкес сезіктілер мен айыпталушылар жалпы немесе жеке камераларда ұсталады

сезіктілер мен айыптаушыларды бір тәуліктен астам мерзімге жеке камераларға орналастыруға уақытша ұстау оқшаулағышы бастығының прокурор рұқсат берген дәлелді ұйғарымы бойынша жол беріледі, мынадай жағдайларда сезіктілер мен айыптаушыларды бір тәуліктен астам мерзімге жеке камераларға орналастыруға прокурордың рұқсаты талап етілмейді: алдын ала ескерілген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің басқадай мүмкіндігі болмағанда; сезіктінің немесе айыпталушының не басқа да сезіктілер мен айыпталушылардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде; сезікті мен айыпталушының жеке ұстау туралы жазбаша өтініші болғанда; сезіктілер мен айыпталушыларды, егер де олар күндіз жалпы камераларда ұсталған болса, жеке камераларға орналастыру кезінде

сезіктілер мен айыпталушылардың басқа камераларда және өзге үй-жайларда отырғандармен сөйлесулеріне, қандай да бір нәрселерді беруіне және хат алмасуларына тыйым салынады

сезіктілер мен айыпталушылардың бостандықта жүрген адамдармен сөйлесуі, оларға қандай да бір нәрселер беру және хат алмасуы Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады

Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау оқшаулағышы аумағынан тысқары жерлерге орналастыруда оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары сақталуы тиіс.

# Марапаттау және жазалау шараларын қолдану тәртібі

Сезіктілер мен айыпталушыларға міндеттерді үлгілі орындағаны, белгіленген қамауда ұстау тәртібін сақтағаны үшін ынталандыру шаралары қоданнылады

бұрын берілген жазалау шарасын мерзімінен бұрын алып тастау

спорттық сабақтар жүргізілетін орындарға қосымша түрде баруға, сонымен қатар кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға бос уақытын басқаша өткізуге рұқсат беру қолданылуы мүмкін

Ынталандыруды уақытша ұстау оқшаулағышының бастығы немесе оның орнындағы адам қолданады

Сезіктілер мен айыпталушыларға белгіленген тәртіпті орындамағаны үшін жазалау шаралары :

сөгіс

карцерге және жеке камераға 15 тәулікке дейінгі мерзімге, ал кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларды 7 тәулікке дейінгі мерзімге орналастыру қолданылуы мүмкін

Қамауда ұстаудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жаза қамауда ұстау орны әкімшілігі жетекшісінің немесе оның орынбасарының дәлелді ұйғарымы бойынша жүктеледі.
Кінәліге бір заң бұзушылық жасағаны үшін бірнеше жаза қолданылмайды

## ІІО айдауылдау бөлімшелерінің негізгі міндеттері

Сезіктілерді және айыпталушыларды уақытша ұстау оқшаулағыштарынан; тергеу оқшаулағыштарына медициналық мекемелерге амбулаторлық куәландыру және тексеру үшін, санөткізгіштерге (жалпы пайдалану моншаларына) ішкі істер органдарынан ауданаралық немесе қалааралық уақытша ұстау оқшаулағыштарына айдауылдау

Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде, стационарлық емдеу кезінде күзету

Уақытша ұстау оқшаулағыштарынан сезіктілер мен айыпталушыларды облыстық, қалалық, аудандық соттардың көшпелі мәжілісіне айдауылдау, сот мәжілісі кезінде оларды күзету

Сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау оқшаулағышынан айдауылдың жоспарлы бағыттарының алмастыру пункттеріне айдауылдау

## Полицияның азаматтарды айдауылдауды жүзеге асырудың тәсілдері



## Айдауылдауға қабылдауға жатпайтын адамдардың санаттары

құжаттары дұрыс ресімделмеген және құжаттары жоқ адамдар

Дәрігердің (фельдшердің) қорытындысы бойынша айдауылдауға жатпайтын аурулар

айдауылдау туралы дәрігердің анықтамасы жоқ жүкті әйелдер

белгіленген норма бойынша жол жүру уақытына азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендер
Немесе маусымға сай киінбегендер

бұрын жұқпалы аурулармен ауырған адамдармен байланыста болған, медициналық куәландырудан және зертханалық тексеруден өтпегендер теріс нәтижелер алғанға дейін

белгіленген мерзімде санитарлық өңдеуден өтпегендер жатпайды.

## Сезіктілер мен айыпталушыларды әуе көліктерінде айдауылдау кезінде қойлатын талаптар

пайдаланушыларға және әуе кемесінің командиріне әуе кемесінің ұшуынан үш сағат бұрын тұтқында отырғандарды тасымалдау туралы хабар беруі керек

айыпталушылар және айдауылдар отыратын орындар қалай болғанда жолаушылар бөлігінің соңғы бөлігіне жақын орналасуы тиіс, бірақ демалу аймағында немесе шығатын жерде қатар немесе қарама-қарсы болмауы керек

айдауылдарға әуе кемесінің бортына көзден жас ағызатын газ контейнерлерін (баллондар) немесе ол тектес қатардан шығарылатын құрылғыларды алып кіруге болмайды

айдауылдар берілген ақпараттың алынғанын растауға тиіс қауіпсіздік қызметінің қызметкерлеріне, әуежайдағы полиция органының кезекшісіне және борт жолсерігіне өзін таныстыруы керек

# УҰО отырған адамдарды күзету



# 4 тарау. Полицияның учаскелік инспекторының қызметі



**Әкімшілік учаскедегі полицияның учаскелік инспекторының негізгі міндеттері**

- Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету
- Қызмет көрсететін әкімшілік учаске аумағында қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту, жолын кесу, қоғамдық тәртіпті сақтау
- Учаскелік инспектордың алдын алу есебінде тұрған адамдарға (бұдан әрі – алдын алу қолданылатын адамдар) қатысты құқық бұзушылықтың жеке алдын алынуы
- Заңнамада белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік өндірісті жүзеге асыру
- Құқық бұзушылықтардың алдын алуға азаматтар мен ұйымдардың қатысуын қамтамасыз ету


Полицияның учаскелік инспекторының жұмысын бағалаудың негізгі өлшемдері
Азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жай-күйі
әкімшілік учаске аумағында тұратын халықтың сенім деңгейі
Алдын алу қолданылатын адамдардың жалпы санына ішкі істер органдарының алдын алу есебінде тұрғандардың ішінен қылмыс жасағандардың үлесі
Алдын алу есебінде тұрған адамдар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау
учаскелік инспекторлар арасындағы заңдылық пен тәртіптің жай-күйі
азаматтардың арыздарын, шағымдарын және өзге де хабарламаларын уақтылы және сапалы қарау

**Учаскелік полиция инспекторы қызметінің негізгі қағидалары**

- Заңдылықты қатаң сақтау
- Жұмыстың жариялығы
- Азаматтарға әдеппен, ілтипатпен қарау
- Жұртшылықпен ұдайы байланыс
- Бекітілген әкімшілік учаскесін қамтамасыз етуші өмірге қажетті қызметтермен қарым-қатынасы
- Қоғаммен және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы

# Полицияның учаскелік инспекторының міндеттері

азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға;

алдын алу есеп жүргізуге және алдын алу қолданылатын адамдарға қатысты алдын алу бақылауды жүзеге асыруға;

алынған ақпаратты учаске паспортына енгізе отырып, кемінде жарты жылда бір рет, ал лауазымға тағайындалған сәттен бастап бір ай ішінде әкімшілік учаскедегі пәтерлерге (аулаларға) тексеру жүргізуге;

өз құзыреті шегінде қылмыстардан, әкімшілік құқық бұзушылықтардан және жазатайым жағдайлардан зардап шеккен азаматтарға,қауқарсыз немесе олардың өмірі мен денсаулығына қауіпті өзге де жай-күйдегі адамдарға құқықтық, медициналық және өзге де көмек көрсетуге;

қылмыстар туралы арыздар, хабарламалар және өзге де ақпаратты қабылдауға, оны қабылдағаны туралы ішкі істер органының кезекшісіне тез арада хабарлауға және өз құзыреті шегінде олар бойынша заңнамада көзделген уақтылы шараларды қабылдауға;

жасалған қылмыстың айқын белгілері болған кезде қалалық, аудандық орган басшысына материалдарды тергеу және анықтау бөліністеріне одан әрі тексеру үшін беру туралы баянат енгізуге;

оның өндірісіндегі істер мен материалдар бойынша анықталған құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы жеке және заңды тұлғаларға ұсынымдар дайындауға және қалалық, аудандық органның бастығына енгізуге және олардың орындалуын талап етуге;

әкімшілік учаскеде құқық бұзушылық жасауға жол беретін адамдарды анықтауға және оларға жеке алдын алудың уақтылы шараларын қабылдауға

балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын ата-аналарды немесе оларды алмастыратын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын білім беру, тәрбие, емдеу немесе өзге де мекеме жұмысшыларын анықтауда ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністері қызметкерлеріне көмек көрсетуге;

қызмет көрсететін әкімшілік учаскеде қылмыс жасалған кезде оқиға орнына жедел-тергеу тобынан бұрын келген жағдайда оқиға орны мен қылмыс іздерін күзету бойынша шаралар Қабылдауға бұрын сотталған адамдардың, басқа алдын алу қолданылатын адамдарды, сондай-ақ құқыққа қарсы мінез-құлқы бар әкімшілік учаскедегі тұрғындардың жасалған қылмысқа қатыстылығын тексеруге;

тоқсанына кемінде бір рет әкімшілік учаске тұрғындарымен есеп беру кездесуін жүргізуге;

апаттан құтқару және қайта қалпына келтіру жұмыстарын және көпшілік іс-шаралары жүргізілетін жерлерде көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалысын қамтамасыз етуде жол полициясы қызметкерлеріне көмек көрсетуге;

ауылдық жерлердегі әкімшілік учаскеде жүргізушілердің көлік құралдарын мас күйде басқару фактілерін анықтауға және жолын кесуге, сондай-ақ автомобиль және мотоцикл көліктеріндегі апаттылықтың және жол жүрісі ережелерін бұзудың алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүргізуге міндетті.

# Әкімшілік учаскенің ұғымы

**Әкімшілік учаске** – ол учаскелік инспекторға бекітілген, көлемі мен шекарасы учаскелік инспекторлар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жүктемеге сәйкес қалалық, аудандық ішкі істер органы (бұдан әрі – қалалық, аудандық орган) бастығының бұйрығымен белгіленетін қалалық және ауылдық жердегі аумақ.

Қалалық, аудандық орган бастығының бұйрығымен әкімшілік учаскеге реттік нөмір беріледі.
Жаңа тағайындалған учаскелік инспектордың әкімшілік учаскені қабылдауы қалалық, аудандық органның бастығы орынбасарының немесе қоғамдық қауіпсіздік бөлімі (бөлімшесі) бастығының қатысуымен жүргізіледі. Әкімшілік учаскені қабылдау және тапсыру фактісі туралы әкімшілік учаскенің паспортында тиісті жазба жазылады

**Полиция учаскелік инспекторының алдын алу тіркеуінде тұратын тұлғалардың санаттары**

оған қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген

жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған

сот оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық бойынша мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеген

оған қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамдарға алдын алу бақылау және жеке алдын алу жұмыс жүргізеді

## Учаскелік полиция инспекторының тізімділік тіркеуінде тұратын тұлғалардың санаттары

соттылық белгілері бойынша «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының әрекетіне түсетіндердің

соттылығы жойылмаған немесе алынып тасталмаған бұрын сотталғандардың

алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдаланатындар ретінде денсаулық сақтау органдарының диспансерлік есебінде тұрғандардың

есірткі құралдарын, психотроптық және уытты заттарды медициналық емес мақсатта пайдалануға жол беретіндер ретінде денсаулық сақтау органдарының диспансерлік есебінде тұрғандардың

денсаулық сақтау мекемелерінде диспансерлік есепте тұратын, қоғамға қауіп төндіретін, қауымдастық бағыттағы мінез-құлқы бар психикалық науқастардың

әкімшілік учаскеде тұратын, ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністерінде есепте тұрғандардың

қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес, сондай-ақ шартты түрде немесе жазасын өтеу кейінге қалдырылған жаза белгіленген адамдардың тізімі болуы қажет

## Тұлғаларды алдын алу тіркеуден шығару үшін негіздер

- қадағалау мерзімінің аяқталуы
- сотталғандығының жойылуы немесе алынуы
- мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелеріне мәжбүрлеп емделуге жіберілуі
- бас бостандығынан айырылуы
- өлімі
- денсаулық сақтау органдарының есебінен шығарылуы
- тұрақты мекен-жайға республика шегінен басқа аймаққа кетуі

## Учаскелік полиция пунктіне қойылатын талаптар

тұрғын үй және басқа да үй-жайлардан бөлек, жеке кіреберісі болуы керек

бір қызметкерге алты шаршы метр есебімен учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілеріне және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторларға арналған жұмыс кабинеттерінен, азаматтарды қабылдауға және жұртшылықпен жұмыс істеуге арналған бөлмеден, жеткізілгендерге арналған үй-жайдан, демалыс бөлмесінен (жеке), санитарлық желіден тұруы тиіс

учаскелік полиция пунктін бірінші қабаттан жоғары қабатта, сондай-ақ жертөледе және жылытылмайтын үй-жайларда орналастыруға жол берілмейді

берік бекітпелі (құлыпты) екі есігі болуы керек; сыртқы есігі металмен немесе темірмен қапталуы тиіс

терезе ойықтарына метал торлар орнатылуы керек

өрт қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес болуы керек

## 5 тарау. Қоғамдық қауіпсіздікке, тұрғындардың денсаулығына, қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтың жолын кесу және ескерту

**Қоғамдық тәртіп** – белгіленген құқық нормалары және басқа да әлеуметтік нормалардың қоғамдағы қатынас жүйесін, азаматтардың қоғамдық тыныштығын қамтамасыз етілуін бекіту, дамыту және қорғау, олардың намысын, адамгершілік қасиетін сыйлау және де кәсіпорындардың, ұйымдардың жеке және қоғамдық бірлестіктерінің дұрыс қызмет етуі

**Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздіктің түсінігі**

**Қоғамдық қауіпсіздік** – бұл құқықтық және техникалық нормалардың объектілері мен құралдардың қолданылуы, қоғамға қауіп төндіретін, немесе басқа да табиғи апаттардың төнуімен байланысты немесе басқа да төтенше жағдайлармен сәйкес құралатын қоғамдық қатынас жүйесі. Осыған орай қоғамдық қауіпсіздік азаматтардың мүліктерін және денсаулықтарын, өмірін қандай да бір меншік түріне қарамастан қамтамасыз етіледі және қоғамдық тәртіптен өзінің мақсатына қарай, яғни қорғау объектісімен, қауіп төну жағымен, реттеу құралымен және қамтамасыз ету тәсілімен өзгеше болып келеді

## Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіптің мақсаты

**Қоғамдық қауіпсіздіктің көздеген мақсаты - азаматтардың өмірі мен денсаулықтарына, олардың мүліктеріне зиян тигізетін жағдайларды туғызбау, әр түрлі объектілерге, материалдық әлемге және табиғатқа зардап келтірудің алдын алу болып табылады**

**Қоғамдық тәртіпті сақтау мен қамтамасыз етудің мақсаты келесідей:**
**-азаматтардың жеке қауіпсіздігін және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;**
**- қоғамдық жерлерде тыныштық пен тәртіпті, азаматтардың ар-намыстары мен адамгершілік қасиеттерін силау, азаматтардың еңбек ету және демалыс алуын, мекемелер, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктердің жақсы жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасау**

## Қоғамдық орындардың бөліну санаттары

**Тұрақты –** кез келген уақытта кіруге ашық жерлер (көшелер, алаңдар, аула, вокзал және т.б.)

**Мерзімдік –** ережеге сәйкес белгілі бір уақытта халықты қамсыздандыру орындары (қоғамдық көлік, сауда орныны, қоғамдық тамақтандыру, спорттық орындар әлеуметтік-мәдени орындар, т.б.)

**Эпизодтық –** Қоғамдық қарым-қатынасына әсер ететін эпизодты жерлер (жағажай,көгал жазықтық, азаматтардың жаппай демалу немесе қандай да бір аудан орталығынан тыс жерде жүргізілген шаралар)

## Қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамы

Әкімшілік құқық бұзушылықтағы қоғамдық қауіпсіздік объектісі болып қатынас табылады. Адамның өмірі мен денсаулығына, мүлкінің сақталуына, меншігінің барлық түрлеріне, материалдық объектілеріне қауіптіліктің алдын алады

Бұл құқық бұзушылықтың объективтік жағы әрекетпен және әрекетсіздікпен сипатталады. Қарастырылып отырған құқық бұзушылықтардың обьективтік жағының негізгі сипаттамасы ҚР ӘҚБК баптарының диспозицисының бланкеттік артықшылығы болып табылады, Олар нақты әрекеттерді ашпай, құқық қолданушымен сай келетін құқықтық нормаларға, мысалы, Қазақстан Республикасы ӘҚБК 312 б. өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе орындамау

Қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі болып, Қазақстан Республикасы азаматы, шетел азаматы және азаматтығы жоқ, он алты жасқа толған, лауазымды және заңды тұлғалар

Аталған құқық бұзушылық тікелей қасақана да, абайсызда да. Әкімшілік құқықтың ерекшелі, материалдық құрамда сипатталғандай кінәнің екі нысанымен: құқық бұзушы қауіпсіздік ережелерді қасақана бұзып, бірақ оның нәтижесі абайсызда; лауазымды тұлғаның санитарлық гигиеналық ережелерін қасақана бұзуы, мұнда адамдардың улануы нәтижесіне немқұрайлықпен қарайды

# Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар

- 312 б. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе орындамау
- 313 б. Өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап бермейтін өнімдерді шығару және өткізу
- 314 б. Су айдындарында қауіпсіздік ережелерін бұзу немесе орындамау
- 315 б. Атом энергиясын пайдалану кезінде радиоциялық қауіпсіздік талаптарын бұзу
- 316 б. Ядролық қаруды таратпау режимінің талаптарын бұзу
- 317 б. Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзу
- 317-1 б. Өнімнің жекеленген түрлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзу
- 318 б. Жабайы өскен сораны жоюға шара қолданбау
- 319 б. Құрамында есірткі бар өсімдіктер өсетін егістікті күзетуді қамтамасыз етуге шаралар қолданбау
- 319-1 б. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды өткізу мен тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбау
- 320 б. Өткізу мақсатынсыз есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен және прекурсорлармен заңсыз айналысу
- 321 б. Есірті құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау және заңсыз жарнамалау
- 322 б. Заңсыз медициналық және (немесе)фармацевтикалық қызмет
- 323 б. Халықтың санитариалық эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманы, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу
- 324 б. Фармацевтік қызметтің ережелерін бұзу
- 325 б. Медициналық қызмет көрсетуді дәйексіз жарнамалау
- 326 б. Қорғаныш тапшылығы вирусы инфекциясын жұқтырғандармен ЖҚТҚ-мен, соз ауруларымен, туберкулезбен ауыратындармен қатынаста болып жүрген, сондай-ақ дәрігердің тағайындауынсыз есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды пайдаланушы адамдардың медициналық тексеруден және емделуден жалтаруы
- 327 б. Айналасындағыларға қауіп төндіретінаурулармен ауратын адамдардың емделуден жалтаруы
- 328 б. Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын адамдардың жзұқтыру көзін және өздерімен қатынаста болған адамдарды жасыруы
- 328-1 б. Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық қызметпен айналысуға рұқсат беру құжаттарын алу кезінде көрнеу жалған мәліметтер мен ақпараттар ұсынуы

## Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар

330-б. Ұсақ бұзақылық

333-б. Тыныштықты бұзу

336-б. Спирт ішімдіктерін ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу

338-1-б. Қазақстан Республикасы ойын бизнесі туралы заңнаманы бұзу

331-1-б. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау

334-б. Арнайы қызметтерді көрінеу жалған шақыру

336-1-б. Жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салуды бұзу

339-б. Эротикалық мазмұндағы өнімдерді жарнамалау

331-б. Кәмелетке толмағандар жасаған бұзақылық

334-1-б. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат беру

336-2-б. Қоғамдық орындарда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды медициналық тұрғыдан тыс тұтыну

340-б. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану ережелерін бұзу

332-б. Елді мекендерде атыс қаруынан ату, пиротехникалық қондырғыларды жару

335-б. Үйде жасалатын күшті спирт ішімдіктерін дайындау және сату

338-б. Құмар ойындар

341-б. Тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи объектіні қорлау

## Ұсақ бұзақылық ұғымы

**Ұсақ бұзақылық**

Қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу

Жеке тұлғаларды қорлап тиісу

Тұрғын жайларды, ортақ пайдалану орындарын қорлау және т.б. осындай іс-әрекеттер

## Ұсақ бұзақылықтың құрамы

**Объект**
қоғамдық тәртіп

**Субъект**
Есі дұрыс, Қазақстан Республикасы азаматы, шетел азаматы және азаматтығы жоқ, құқық бұзушылық жасау кезінде жасы 16 толған адам

**Объективтік жақ**
Ұсақ бұзақылық ерікті, белсенді және басқыншы әрекетімен, қоғамдық тәртіпті бұзады, ұсақ бұзақылық келесі әрекеттермен, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзу, тұрғын жайларды, ортақ пайдалану орындарын қорлау

**Субъективтік жақ**
Тікелей қасақана ниетпен, кінәлі өзінің іс-әрекетінің құқыққа қайшы екенің түсінеді, нәтижесінде қоғамдық тәртіпті жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатының біледі

**Қазақстан Республикасы ӘҚБ туралы кодексінің 336-бабының Спирттік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу құқық бұзушылығының құрамы**

**Объект**

---------------------------------------

**адамның ар-намысы мен абыройы**

**Субъект**

---------------------------------------

**есі дұрыс,**

**16 жасқа толған тұлға**

**Объективтік жақ**

---------------------------------------

**мына әрекеттермен байланысты: қоғамдық орындарды спирттік ішімдіктерді ішу; қоғамдық орындарға адамның қадір-қасиетінне және қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіретіндей мас күйінде келу**

**Субъективтік жақ**

---------------------------------------

**ниеті**

## 6 тарау. Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалудың және құқық бұзушылықтарының жолын кесу және ескерту

**Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері**

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою

кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету

кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру

өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды  әлеуметтік оңалту

кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметін үйлестіру

## Кәмелетке толмағандар істері бойынша бөлімшелердің негізгі міндеттері

- кәмелетке толмағандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу
- қиын өмір жағдайында қалған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту
- кәмелетке толмағандардың заңға бағынатын мінез-құлқын қалыптастыру
- кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар жасауға тарту фактілерін анықтау және жолын кесу
- кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын, қадағалаусыздығының мен панасыз қалуының ескерту бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен әрекеттесу

## Кәмелетке толмағандардың істері бойынша бөлімшелердің міндеттері

кәмелетке толмағандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға, сондай-ақ оларды кемсітудің барлық нысандарынан, дене күшімен немесе психикалық зорлық-зомбылықтан, қорлаудан және дөрекі қарым-қатынастан қорғауды қамтамасыз етуге

кәмелетке толмағандардың алдын алу есебін жүргізуге және оларға қатысты алдын алу бақылауды жүзеге асыруға

қылмыстар туралы арыздар, хабарламалар және өзге ақпарат қабылдауға, оны алғаны туралы ішкі істер органы бойынша кезекшіге дереу хабарлауға және өз өкілеттіктері шегінде олар бойынша заңнамада көзделген шараларды уақтылы қабылдауға

кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарауға

оның өндірісіндегі істер мен материалдар бойынша анықталған құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен шарттарды жою туралы ұсыныстар дайындауға, жеке және заңды тұлғаларға енгізуге

тоқсан сайын кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз, панасыз қалудың жай-күйі және құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлауға

кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар жасауға тартып жүрген не оларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттер жасаған адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын ата-аналар мен кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін анықтауға және оларды жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдауға

арнайы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдар дайындауға қатысуға

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамдарды ұстауға және Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарына (бұдан әрі - КТУОБОО) жеткізуге міндетті

## Жеке профилактика шаралары қолданылатын адамдардың есебін және тізімдерін жүргізу тәртібі

**Кәмелетке толмағандарды алдын алу есепке қоюды, дербес және ішкі істер органдарының бөліністерімен, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасаса отырып алдын алу бақылауды жүзеге асырады, және жеке профилактика шараларын келесі санаттарға қолданады**

↓

қорғау нұсқамасы

демалысын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы сот шешім қабылдаған

жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы сот шешім қабылдағандарға

## Ақпараттандырылуды арттыру және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында КТІЖ учаскелік инспекторда тізімі болуы тиіс

- қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандардың
- алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және күшті әсер ететін өзге де заттарды теріс пайдаланатын кәмелетке толмағандардың
- дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандардың
- ақталмайтын негіздер бойынша, оның ішінде рақымшылық немесе кешірім жасау актісіне байланысты қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазадан босатылған кәмелетке толмағандардың
- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған кәмелетке толмағандардың
- қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес, шартты түрде, сондай-ақ жазаны немесе үкімді орындау кейінге қалдырыла отырып, жаза тағайындалған кәмелетке толмағандардың
- жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар кәмелетке толмағандардың
- бір жыл ішінде екі және одан көп рет әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандардың
- психикалық дамуы артта қалған кәмелетке толмағандардың
- қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жетпеуіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын қылмыс белгілері бар әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандарға
- ауырлығы шамалы немесе орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған және тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, сот жазадан босатқан кәмелетке толмағандарға
- оларға қатысты қамауға алумен байланысты емес бұлтартпау шарасы таңдалған, қылмыс жасағанына күдікті немесе айыпталушы кәмелетке толмағандарға
- кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын, олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналарына, заңды өкілдеріне қатысты бақылау есебін жүзеге асырады
- кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе басқа да қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тартатын адамдардың

## КТІЖ учаскелік инспектор кәмелетке толмағанды алдын алу есепке алу және шығару туралы хабарлайды

кәмелетке толмағанның ата-аналарын немесе заңды өкілдерін

кәмелетке толмағанның оқу және (немесе) жұмыс орны бойынша әкімшілікке

жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға

## КТІЖ учаскелік инспектор және криминалдық полиция бөлінісінің жедел уәкілі өз қызметі процесінде алмасады

| | | |
|---|---|---|
| | кәмелетке толмағандар жасаған және оларға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы | |

| | | |
|---|---|---|
| | кәмелетке толмағандар өте жиі құқық бұзушылықтар жасайтын орындар туралы | |

| | | |
|---|---|---|
| | құқық бұзушылықтар жасауға бейім кәмелетке толмағандардың өмір сүру салты және байланыстары туралы қолда бар ақпаратпен | |

## КТІБ бастығының (аға инспекторының) қызметін ұйымдастыру

КТІЖ учаскелік инспекторлардың қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады

кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйін талдайды, кемшіліктерді жоюға шаралар қабылдайды

тергеу және анықтау бөліністерімен тоқсан сайын салыстыра тексеру жүргізеді, алдын алу шараларымен уақтылы қамту мақсатында жасөспірімдер жасаған қылмыстардың есебін жүргізеді

криминалдық полиция бөліністерімен бірлесіп, құқыққа қарсы бағыттағы кәмелетке толмағандардың топтарын тарату, ересек адамдардың кәмелетке толмағандарға теріс әсерінің жолын кесу бойынша іс-шаралар ұйымдастырады

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін КТІЖ учаскелік инспекторларының уақтылы және сапалы қарауына жауап береді

# ІІМ, ІІД, КІІД, ҚАПО кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі бөлімдердің, бөлімшелердің, топтардың жұмысын ұйымдастыру

**ІІМ, ІІД, КІІД, ҚАПО-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі бөлімдерге, бөлімшелерге, топтарға жүктеледі:**

КТІБ қызметіне ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық ету, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын бақылау

балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеумен, оқытумен, олардың құқықтарын, мүдделерін қорғаумен, олардың демалысын ұйымдастырумен айналысатын мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру

кәмелетке толмағандар арасында қылмыстардың, құқық бұзушылықтардың және қадағалаусыз қалудың алдын алу жөніндегі кешенді операциялар мен рейдтік тексерулерді дайындауға және жүргізуге қатысу

кәмелетке толмағандардың қылмыстарының, құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуының жай-күйіне, құрылымына және динамикасына талдау жүргізу

кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен, балалар мен жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарына ықпал ететін ата-аналарымен, өзге де ересек адамдармен алдын алу жұмысты жақсартуға бағытталған бұйрықтардың, нұсқаулардың, әдістемелік ұсынымдардың, шолулар мен басқа да басқарушылық шешімдердің жобаларын әзірлеу

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалуды ескерту жөніндегі жұмыстың озық тәжірибесін зерделеу, жинақтау және практикаға енгізу

олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтардың шағымдары мен арыздарын, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, қоғамдық ұйымдардың  хабарламаларын қарау

алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және күшті әсер ететін өзге де заттарды теріс пайдаланатын кәмелетке толмағандар бойынша денсаулық сақтау органдарымен тоқсан сайын салыстыра тексерулер жүргізу

## Ішкі істер органдарына жеткізілген кәмелетке толмағандармен жұмысты ұйымдастыру

**Кәмелетке толмағандар ішкі істер органдарына жеткізілген кезде КТІЖ учаскелік инспекторлар жүзеге асырады :**

жеткізілген кәмелетке толмағанның жеке басын, оның ата-анасының, жасөспірімді тәрбиелеу жағдайларын, құқық бұзушылықтың жасаудың немесе адасып кеткен, тастанды баланы тауып алудың мән-жайларын сипаттайтын деректерді анықтайды және осы кәмелетке толмағандарды КІЖБ-ге жеткізілген кәмелетке толмағандарды есепке алу журналына тіркейді

КТІБ-ге кәмелетке толмағандардың ата-аналарын, оларды ауыстыратын адамдарды және заңды өкілдерін шақырады

кәмелетке толмағандарды КТОО-ға орналастыру үшін қаулы шығарады

қажет болғанда, кәмелетке толмағанға қатысты психоневрологиялық не психиатриялық мекемелердің есептері бойынша тексереді

адасып кеткен немесе тастанды баланы жеткізу туралы акт жасайды

**Кәмелетке толмағандар желісі бойынша қызметтік тексерулер мен тергеулер жүргізуді ұйымдастыру**

Кәмелетке толмағандар жасаған әрбір қылмыс бойынша КТІБ-нің бастығы (аға инспекторы) құқыққа қарсы әрекет жасауға ықпал еткен себептер мен шарттарды анықтау мақсатында қызметтік тексеру жүргізеді

Ішкі істер органдарында есепте тұрған, сондай-ақ қылмыстық жазаланатын әрекеттер жасағаны үшін бұрын жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмаған қылмыс жасаған жағдайда қызметтік тексеру қызметтік тергеудің қорытындысымен ресімделеді

Кәмелетке толмағанға қатысты қылмыстар жасалған, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қатысуымен жазатайым оқиғалар болған жағдайларда қызметтік тексеру қылмыстың жасалу немесе оқиғаның мән-жайлары баяндала отырып, анықтамамен ресімделеді

## Қызметтік тексерулер кәмелетке толмағандар мына әрекеттерді жасаған кезде ІІД, КІІД жүргізіледі

қылмыстың ауыр және аса ауыр түрлерін жасаған

ішкі істер органдарында алдын алу есепте тұрған тұлғалар қылмыс жасағанда

ІІМ ақпарына енгізілген қылмыстарды, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс жасалған жағдайда

Тексеру нәтижелері Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Әкімшілік полиция комитетіне бір ай ішінде жіберіледі. Өзге бүкіл қылмыстар бойынша қызметтік тексерулерді ҚАПО жүргізеді, кейіннен қорытындылар мен анықтамалардың көшірмелерін процессуалдық шешім қабылданған сәттен бастап 10 күн ішінде ІІД, КІІД-ге жібереді.

## КТІЖ учаскелік инспектордың қызметін бағалау критерийлері

**КТІЖ учаскелік инспектор қызметін бағалаудың негізгі өлшемдері:**

- кәмелетке толмағандардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жай-күйі
- әкімшілік учаскенің аумағында тұратын тұрғындардың сенім деңгейі
- әкімшілік учаскеде тұратын кәмелетке толмағандардың жалпы санынан қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандардың үлес салмағы
- әкімшілік учаскеде тұратын кәмелетке толмағандардың жалпы санынан оларға қатысты қылмыс жасалған кәмелетке толмағандардың үлес салмағы
- есепте тұрғандардың жалпы санынан түзелуіне байланысты есептен шығарылған кәмелетке толмағандардың үлес салмағы
- анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы санынан кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тартқаны үшін әкімшілік жауапқа тартылған ересек адамдардың үлес салмағы
- КТІЖ учаскелік инспекторлардың арасындағы заңдылық пен тәртіптің жай-күйі болып табылады

## Кәмелетке толмағандар жасаған және оларға қатысты жасалған қылмыстарды, сондай-ақ олардың қатысуымен болған оқиғаларды есепке алу журналы

**Журналда мынадай бағандарды қамтиды:**

Реттік нөмірі, тіркеу мерзімі (күні, айы, жылы)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің баптарына, бөліктеріне сәйкес қылмыстарды саралау.
Осы бағанда «Іздестіру», «ЖКО», «Жазатайым оқиғалар», «Өзін-өзі өлтіру», «Өрттер» және кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлқын немесе олардың мұндай құқық бұзушылықтарға, оның ішінде жәбірленушілер ретінде қатыстылығын куәландыратын өзге де фактілер көрсетіледі

Қылмыстардың, құқық бұзушылықтардың ЖКО, жазатайым оқиғалардың, өрттердің және басқа фактілерінің фабуласы, жасалған күні, уақыты, орны, ересектерді қосқанда, жәбірленушілер, қатысушылар туралы деректердің қысқаша мазмұны

Аймағында қылмыс жасалған КТІЖ учаскелік полиция инспекторының, криминалдық полиция бөлінісінің жедел уәкілінің атағы, тегі және аты-жөні

Шығыс нөмірі мен күнін көрсете отырып арнайы хабарлама дайындау туралы белгі

Ықпал ету шараларын қабылдау туралы белгі

**Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары-білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар болып табылады және қабылдауды, уақытша ұстауды қамтамасыз етеді**

ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған

уақытылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ олардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе оларды қамқорлыққа алған басқа да адамдардан алып қойған

арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды

# Білім беру органдарының құзыреті

девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады

кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады

дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізеді

кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді

дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандардыанықтайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді түрде тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелеу нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді

девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке алдын алу жұмыс жүргізуге қатысады

жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады

үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандарды, ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды заңда белгіленген тәртіппен Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұстайды

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады

## Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыруға негіздер

арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты - соттың қаулысы

ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған, уақтылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ олардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе оларды қамқорлыққа алған басқа да адамдардан алып қойған кәмелетке толмағандарға қатысты - қорғаншылық және қамқоршылық органының қаулысы

**Түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері, сондай-ақ өзге де ерекше жағдайларда кәмелетке толмағандар Орталық әкімшілігі актісінің негізінде Орталыққа орналастырылуы мүмкін, бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде Орталық әкімшілігі прокурорды жазбаша түрде хабардар етеді. Кәмелетке толмағандарға қатысты материалдар оларды одан әрі ұстау не орналастыру туралы мәселені шешу үшін Орталыққа орналастырылған кезден бастап үш тәуліктің ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органына ұсынылады**

## Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат принциптері

- заңдылық
- кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау
- отбасын қолдау
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы шараларын қолданудағы кешенділік
- өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандармен жеке жұмыс жүргізу
- құпиялылық
- ғылыми негізділік
- жүйелілік

# 7 тарау. Алкоголизммен және маскүнемдікті ескерту және жолын кесу

**Маскүнемдіктің алдын алу түсінігі:**

**Осы жағдайдағы құқық бұзушылықтың және маскүнемдіктің алдын алу – ол заңдылықты қатан сақтау, маскүнемдіктың таралу жағдайын және себебтерін жою бойынша мақсатты бағытталған және жоспарлы қызмет, құқықтық тәртіпті, азаматтардың бостандықтарын және құқытарын, қоғамның мүдделерін қамтамасыз ету**

## ІІО қызметінің алдын алу міндеттері

спирттік ішімдіктер ішетін алкогольге қарсы заңнамаларды бұзатын адамдарды анықтау және оларды есепке алып, олармен алдын алу шаралар жүргізу

маскүнемдікті, алкоголизмді болдырмау, мас күйінде құқық бұзушылықты жасауды алдын алу, олардың себептерін анықтап, азаматтардың арасында маскүнемдіктің көбеюінің шарттарын анықтауға бағытталған жалпы алдын алу іс-шаралар жүргізу

алкогольдік ішімдіктерді ішетін адамдарға қатысты қамқоршылар және әрекеті, қабілетсіздігі туралы сұрақтарды шешуге қатысу

маскүнемдіктің және алкоголизмнің алдын-алу мақсатында ІІО бөлімдерінің мемлекеттік, қоғамдық ұйымдармен бірігіп жұмыс істеуін ұйымдастыру

қызмет ететін аумағында алкогольді-криминалды жағдайға қатысты ақпараттарды қосу және талдау жасау

анықтамалық және ақпараттық материалдарды әзірлеу

Алкогольге қарсы насихатты және көрнекі үгіт материалдарын дайындап, тарату

**Алкоголизм және маскүнемдікпен күресу бойынша ІІО міндеттері:**

- Алкогольге қарсы заңнаманы бұзуды ескерту және осы заңнаманы бұзған тұлғалармен алдын алу жұмыс жүргізу
- Жастар арасындағы маскүнемдіктің алдын алу
- Алкогольге қарсы заңнаманы бұзушы тұлғаларға қарсы (бұлтартпау) жазалау шараларын қолдану
- Маскүнемдікті ескертудің әлеуметтік шараларын жасауға және енгізуге қатысу
- Алкогольге қарсы заңнаманы бұзғаны үшін салынған әкімшілік жаза туралы қаулылардың орындалуын қамтамасыз ету

## Алкогольге қарсы заңнаманың бұзылу түрлері



## Еріксіз емдеуге жіберілген алкоголизім дертіне шалдыққандардың құқықтық жағдайы

Алкоголизм дертіне шалдыққан аурулар еріксіз емделуге жіберілген және емделу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын емдеу режимін сақтау қажеттігіне байланысты шектеулермен пайдаланады.

Олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін оларға сотта қорғау кепілдігі беріледі, сондай-ақ құқықтық жжне әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінде емдеуде болу уақыты еңбек стажын үзбейді және ол жалпы еңбек стажына қосылып есептеледі.

Еріксіз емделуге жіберілген адамдардың бұрынғы тұрған жері бойынша тұрғын жайға құқығы сақталады.

## Адамды алкоголизм дертіне шалдыққан деп тану тәртібі

Алкоголизм дертіне шалдыққан деп тану Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіппен тиісті медициналық куәландырудан кейін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары арқылы жүзеге асырылады.

↓

Еріксіз емдеуге жіберу туралы мәселені шешу кезінде медициналық куәландырудан жалтарған адамдарды еріксіз тексеру үшін наркологиялық мекемеге ішкі істер органдары ықтиярсыз алып келеді

↓

Алкоголизм дертіне шалдыққан деп танылған адам мұнымен келіспеген жағдайда бұл шешімге жоғары тұрған денсаулық сақтау саласын басқару органына немесе сотқа шағым жасауына болады.

## Мамандандырылған емдеу алдын алу мекемелеріне еріксіз емдеуге жіберудің негіздері

Алкоголизм, дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеуге жіберуді ресімдеуді аурудың туыстарының, еңбек ұжымдарының, қоғамдық ұйымдардың, ішкі істер, прокуратура, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының бастамасымен медициналық қорытынды бар болған жағдайда мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

Тұрақты тұрған жайы жоқ ауруларды еріксіз емдеуге ресімдеуді өтініш берілген кезде тұрып жатқан жері бойынша ішкі істер органдары жүзеге асырады

## Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелеріне еріксіз емдеуге жіберудің тәртібі

Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелеріне жіберу туралы мәселені аурудың тұратын жері бойынша аудандық (қалалық) халық соты материалдың келіп түскен күнінен бастап он күн мерзімнен асырмай оның өзінің, сондай-ақ денсаулық сақтау және ішкі істер органдары өкілдерінің, аурудың туыстарының, еңбек ұжымдары, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен ашық сот мәжілісінде қарайды.

Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінде болу мерзімі екі жылдан аспауға, ал қайтара жіберілген жағдайда үш жылдан аспауға тиіс

Ауру адамды мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемесіне жіберу, егер алдыңғы емделуі аяқталған күннен кейін үш жылдан асатын уақыт өтсе, қайталанған болып саналмайды

Наркологиялық мекемеге еріксіз емдеуге жіберу туралы өтініш жасалған ауру адам сот мәжілісіне келуден жалтарған жағдайда оны ішкі істер органдары ықтиярсыз алып келеді.

Тексеру үшін еріксіз ауруханаға жатқызылған уақыт мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемесінде еріксіз емдеу кезеңіне қоса есептеледі.

**Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелеріне жіберу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, белгіленген тәртіппен аналық құқынан айырылмаған, 8 жасқа дейінгі баласы бар әйелдерге, 60-тан асқан ерлер мен 55-тен асқан әйелдерге, 1 және 2-топтағы мүгедектерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тізбедегі жүйке және ағза ауруларымен ауыратындрға қолданылмайды**

## Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінен емделіп шыққан ауруларды еріксіз емдеуді тоқтатудың негіздері мен тәртібі

Емдеу-алдын алу мекемелерінен аурулар:

- сот белгілеген еріксіз емдеу мерзімі біткен кезде;
- еріксіз емдеу жүргізуге кедергі жасайтын қосалқы ауыр науқасының анықталуына байланысты - соттың қаулысымен;
- дертінен тез айығуына байланысты мерзімінен бұрын, бірақ 6 айдан ерте емес - соттың қаулысымен шығарылады.

Мекемеде жүрген ауру емдеуден жалтарған жағдайда оның емделу мерзімін әкімшіліктің медициналық қорытындыға негізделген ұсынысы бойынша мекеме орналасқан жердегі халық (қалалық) соты бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін. Бұл ретте мекемеде болу уақыты үш жылдан аспауға тиіс.

Мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемесінде немесе оған барар жолда жасалған қылмысы үшін сотталған ауруды емдеу жазаны өтеу орындарында жүзеге асырылады. Еңбекпен түзеу мекемесінде емдеу жүргізілмеген жағдайда ауру бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтегеннен кейін медициналық қорытынды бар болған жағдайда мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелеріне жіберілуге тиіс.

## Медициналық айықтырғыштарға азаматтарды жеткізу тәртібі

Әкімшілік ұстау, яғни жеке тұлғаны уақытша жеке бас бостандығынан, атап айтқанда, белгіленген уақыт ішінде медициналық айықтырғышта мәжбүрлеп ұстай отырып, әрекет етуді және қозғалыс бостандығынан айыруды аталған адам қоғамдық орындарда спирттік ішімдіктерді ішкен немесе адамдардың қадір-қасиетін қорлап және қоғамдық әдепті бұзып, мас күйде қоғамдық орындарда болған кезде полиция қызметкеріне бағынбаған жағдайларда ішкі істер органдары (полиция) жїргізеді. Адамның қоғамдық орында мас күйде жүруі оны ұстауға және медициналық айықтырғышқа кіргізуге негіз болмайды.

Медициналық айықтырғышқа ұсталған адамдарды жеткізу жұмысын, тәртіпке сәйкес, арнаулы автомобильдермен айықтырғыштың экипаждары атқарады. Автомашина салонына ұсталған адамды отырғызбас бұрын, оның қолында өзіне және басқа азаматтарға дене жарақаттарын салу немесе экипажға шабуыл жасау үшін пайдаланылатын құралдардың жоқтығын тексеріп, егер бар болса, оны тартып алу қажет. Экипаж жетекшісі медициналық айықтырғышқа келгеннен кейін, мұндай құралдарды тартып алғаны жөнінде баянат береді. Ал оның қылмыс жасауға қатыстылығын дәлелдейтін қарулар, есірткілер және басқа заттар айқындалған жағдайларда, ол адам қалалық, аудандық органға жеткізіледі. Медициналық айықтырғышқа жеткізілетіндердің ішінде өз бетімен жүре алмайтындары болса, олар медицина қызметкерлері тексергеннен кейін және олардың келісімімен зембілге салынып, арнайы автомобильмен жеткізіледі, басқа адамдарға автомобильге отырғызу алдында тиісті көмек көрсетіледі.

Медициналық айықтырғышқа ұсталєан адамдарды жеткізу кезінде арнайы автомобильдің салонында адамдарды денсаулығы мен тәртіптерін бақылайтын бір экипаж мүшесі болуға міндеті. Егер біреуінің денсаулығы нашарлап, кенеттен ауыр күйге түссе, онда жақын жерден "Жедел жәрдем" шақырылып, ол адам жақын жердегі денсаулық сақтау органына жеткізіледі.

Егер патруль жасау зонасында, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтың жолын кесу үшін, экипаждың барлық мүшелеріне арнайы автомобильден түсу керек болса, онда салондағы адамдарға жүргізуші полиция қызметкері бақылау жүргізеді.

Медициналық айықтырғышқа ұсталған адамдарды мотороллермен, мотоциклмен, самосвалмен, сондай-ақ адамдарды отырғызуға болмайтын көлік құралдарымен әкелуге тыйым салынады.

• Медициналық айықтырғышқа Қазақстан Республикасының Парламентінің және жергілікті өкілетт» органдардың депутаттарын жеткізуге болмайды.Оларды Республикасының жоғарғы өкілетті органына немесе аумақтық( облыстық,қалалық,поселкелік, селолық)мәслихат кезекшілеріне жеткізіледі.Жүкті әйелдер мен мүгедектер болса, емдеу орындарына жіберіледі.

• Қоғамдық орындарда мас күйде жүрген әскери қызметшілер және жиынға шақырылған әскери міндеттілер, пішімді киім-кешек кигендер немесе штат киімінде жүретіндер және жеке басын айқындайтын құжаттары бар адамдар әскери комендатура өкілдеріне, әскери бөлім немесе Қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) командирлеріне тапсырылады, ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік Комитетінің, қаржы полициясының, прокуратура, сот қызметкерлері - тиісті өкілдерге тапсырылады; Қазақстан Республикасының "Алтын Қыран" (Золотой орел), "Отан" (Отечество), "Даңқ" (Слава), "Айбын" (Доблесть), "Парасат" (Благородство), "Достық" (Дружба), "Құрмет" (Почет) мемлекеттік наградаларымен наградталғандар, Совет Одағыныә Батырлары немесе Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі "КСРО Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін", үш дәрежелі Еңбек даңқы ордендерімен наградталғандар, сондай-ақ 60 жастағы және одан жоғары жастағы азаматтар туысқандарына тапсырылады. Мұндай адамдарды тапсыра алмаған жағдайда, олар жалпы негіздерде медициналық айықтырғышқа жеткізіліп, жеке палаталарға орналастырылады.

Медициналық айықтырғышқа кәмелетке толмағандарды орналастыру, олардың жеке басы мен мекен жайын анықтауға, ата-аналарына (немесе олардың орнын басушыларға) жеткізуге, олардың тәрбиесіне жауап беретін мекемелерге беруге немесе кәмелетке толмағандардың қабылдау-бөлу орнына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда ғана орналастырылады.

• Кәмелетке толмағандарды мас күйінде айықтырғышқа жеткізгеннен кейін, инспектор-кезекші міндетті түрде олардың ішімдікке қалай үйір болғанын, спиртті ішімдіктерді қайдан алатындығын және басқа да қажетті мәліметтерді анықтайды.

• "Дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясына" сәйкес, иммунитет және ерекшеліктер құқығын иеленуші шетел азаматтары медициналық айықтырғышқа жіберілмейді. Мұндай адамдар кездескен жағдайда, экипаж жетекшісі қалалық, аудандық органға хабарлап, олардың берген нұсқауы бойынша әрекет жасайды. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланбайтын, сондай-ақ азаматтығы жоқ шетел азаматтары медициналық айықтырғышқа жалпы негіздерде жеткізіледі.

• Қылмыс жөнінен күдікті адамдар медициналық айықтырғышқа орналастырылмайды. Олар қалалық аудандық органға жіберіледі.

# Медициналық айықтырғышқа жеткізілген адамдардың құқықтары мен міндеттері

**Медициналық айықтырғышқа жеткізілген адамдар мыналарға құқылы:**

-медициналық айықтырғышқа жеткізілу себептері мен айғақтарын білуге (айықтырғышқа жеткізілген адамдарға ол туралы босатылған кезде хабарланады);
- жеткізілгені, жеке тінту жүргізілгендігі, заттары мен құжаттарының тексерілгендігі жөнінде түсініктер беруге және өтініш-шағымдар жасауєа;
- медициналық айықтырғыш қызметкерлерінің іс-әрекеттері туралы осы бөлімшенің бастығына, медициналық айықтырғышты құрған ішкі істер органының басшылығына, жоғары тұрған органына (лауазымды адам немесе прокурорға арыз-шағым жасауға);
- өзі немесе кезекші-инспектор арқылы, телефонмен өзінің тұрған жері туралы туысқандарын, жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігін хабардар етуге;
- медициналық айықтырғышта болған уақытында денсаулық жағдайы нашарласа, қажетті медициналық көмек алуға, сондай-ақ денсаулық сақтау органдарының

Медициналық айықтырғышқа жеткізілген адамдардың міндеттері

- медициналық айықтырғышқа белгіленген ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- медициналық айықтырғыш қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауға;
- медициналық айықтырғышты құрал-жабдықтарға, төсек-орындарға ұқыптылықпен карауға

# 8 тарау. Полицияның табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік қызметі

Табиғат қорғау қызметі бұл – табиғатты қорғауды қадағалау, әкімшілік құқықбұзушылықты ескерту мен жолын кесу және құық бұзушыларды әкімшілік жауапқа тарту туралы сұрақтарды шешуде полиция қызметінің әртүрлі бөлімшелерінің атқарушы, құқық қорғаушы заңдық қызметі.

## Қоршаған ортаны қорғау және мал-дәрігерлк мәселелері бойынша ІІО мақсаттары

табиғатты қорғау заңнамасының аясындағы құқық бұзушылықтарды және қылмыстарды анықтау, алдын алу мен жолын кесуге бағытталған іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру

браконьерлікке, аңшылық және балық аулау ережелерін бұзушылықтарға, ағаштар мен бұталарды заңсыз шабуға қарсы күресте іс-шараларға қатысу

мал-дәрігерлік заңнаманы қадағалауды қамтамасыз етуде мемлекеттік мал-дәрігерлік қадағалау органдарына көмек көрсету

карантинді іс-шараларды ұйымдастыруға, бақылауға және жүргізуге қатысу

жануарлар жұқпалы ауруларымен ауруы бойынша карантин жарияланған аумақтарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздігін күзетуді қамтамасыз ету

## Табиғатты қорғау қызметін жүзеге асырудың ұйымдық нысандарры

қоғамдық тәртіпті сақтау және
құқықбұзушылықпен күресу бойынша
міндеттері мен функцияларын байланыстыру

табиғи қорғау қызметінің
басқа да субъектілерімен қарым-қатынас және
оларға көмек көрсетуде

шарттың негізіне қарай жекеше белгіленген
табиғи объектілерді қорғау

Қазақстан Республикасы ІІМ ведомствалық
объектілерінде табиғи
қорғау заңының сақталуын
қамтамасыз ету

# Карантинді іс-шараларды жүргізуге қатысу кезінде ішкі істер органдарының негізгі функциялары

- Жануарлар жұқпалы аурулармен ауруы бойынша карантин жарияланған аумақтарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздігін күзетуді қамтамасыз ету
- Карантинді бекеттерде қызмет көрсету барысында жұқпалы дерт ошағынан залалсыздандырудан өтпеген малдарды, жануарлардан жасалған өнімді, жемді, жемдік қоспаларды, мал-дәрігерлік препараттарды әкету, әкелудің, көлік және басқа да техникалық құралдардың шығуын, кіруін, автокөлік және басқа да техникалық құралдардың жұқпалы дерт ошағынан қауіп төнген аймақтарға жүруін шектеуді (ерекше жағдайларда тыйым салуды) бақылауды жүзеге асырады
- Мал-дәрігері маманының рұқсатынсыз мал союдың, оның ішінде карантинді және қауіп төнген аймақтарда мәжбүрлі түрде мал мен жануардан жасалған өнімді өткізудің алдын алу бойынша бақылауды жүзеге асыруда мемлекеттік мал дәрігерлік бақылау мамандарымен бірігіп қатысады
- Мал-дәрігерлік бақылау мамандарымен бірігіп,мал және адам денсаулығына кауіп төндіретін малды, жануарлардан жасалған өнімді және азық-түлікті, жемді, жемдік қоспаларды, мал-дәрігерлік препараттарды залалсыздандыруға қатысады.
- Белгіленген карантинді режимді халық, қандай да болмасын меншік түріндегі кәсіпорындар және ұйымдардың орындауы бойынша бақылауды жүзеге асырады.
- Тыйым салынған жерлерде жануарларды, жануарлардан жасалған азық-түлік пен өнімді сатудың жолын кесу
- Мал-дәрігерлік заңнама талаптарын бұзған адамдарға материалдарды, себеп-салдары бойынша берумен процессуалды ресімдеуді жүзеге асырады.

## Табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік полиция саласы бойынша міндеттерді атқарушы полиция қызметкері жұмысының негізгі бағыттары

Табиғатты қорғау заңнамасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, алдын алу және жолын кесу бойынша қалалық, аудандық орган жұмысының жоспарларын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі істер органдарының және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың жиынтықты табиғатты қорғау іс-шараларының біріккен жоспарларын, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің нұсқауларының орындалуы бойынша бақылауды әзірлеу және жүзеге асыру.

Табиғатты қорғау органдарымен және мемлекеттік мал-дәрігерлік бақылау органдарымен бірігіп жолға шығумен рейдтік іс-шаралар әзірлеумен жүргізуді қамтамасыз ету.

Табиғатты қорғау және карантинді іс-шараларға міндетті түрде қатысу;

Браконьерлікке қарсы күрес және табиғатты қорғау операцияларын, рейдтік іс-шараларды жүргізуге қатысатын полиция қызметкерлерінің нұсқау берулерін жүргізу.

Табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік полиция саласы бойынша қалалық, аудандық ішкі істер органы жұмысының есебі, осы сала бойынша деректердің статистикалық есебін жетілдіру мен талдау, полиция қызметкерлерінің практикалық іс-шаралардағы, браконьерлікке және басқа да табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік заңнаманы бұзушылықтарға қарсы күрестегі жұмысқа қатысу және оның нәтижелері туралы ақпараттар.

Табиғатты қорғау органдарында табиғатты қорғау бойынша іс-шараларда полиция қызметкерлерінің қатысуы туралы деректердің тоқсан сайынғы салыстырма тексерісі.

Табиғатты қорғау заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрестің түрлері мен әдістерін үйрену бойынша қалалық, аудандық орган жеке құрамы қызметтік дайындық жүйесінде арнайы сабақтар ұйымдастыру мен жүргізу, аңшылық және балық аулау ережелерін, орман заңнамасын бұзушыларға материалдар ресімдеу.

Балықтардың бағалы және басқа да түрлерінің уылдырық шашатын, жануарлар жаппай мекенін ауыстыратын кезеңде, браконьерлер іс-әрекетінің күшейетін, аңшылық және балық аулау ережелерін бұзушылықтар саны көбейетін басқа да жағдайларда табиғатты қорғау органдарының жұмыскерлерімен бірігіп жедел топтар, нарядтар, бақылау, өткізу пункттерін құру туралы ұсыныстар дайындау.

Осы қалалық, аудандық органның практикасына жергілікті ерекшеліктер мен мүмкіндіктерді есепке ала отырып, ішкі істер органдарының табиғатты қорғау қызметінің озық тәжірибесін енгізу бойынша жұмыс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау үшін, полиция қызметкерлерінің табиғатты қорғау бойынша іс-шараларға қатысу мәселелері бойынша материалдар әзірлеу, табиғатты қорғау заңнамасын қадағалау және оның бұзылуына жауапкершілік бойынша халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу болып табылады.

# 9 тарау. ІІО лицензиялау рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру

**Лицензиялау рұқсат ету жүйесінің түсінігі және оны жүзеге асыру бойынша ІІО міндеттері**

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында ІІО мен лицензия беру жүйесін жүргізу - бұл біріккен әкімшілік-құқық нормаларын анықтайтын өндіріс тәртібі, алу, пайдалану, сақтау, заттармен мүліктерді өткізу және тасымалдау, сонымен қатар белгілі бір кәсіпорынның ашылуы және жұмыс тәртібі

**Лицензиялау рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру бойынша ІІО міндеттері**

Қазақстан Республикасында қару мен оның патрондарының айналымының, қолданудың ерекше режимі белгіленген заттар мен құралдарды есепке алудың, сақтаудың, тасымалдаудың және пайдаланудың Ережелерін бұзудың, сондай-ақ оларды жоғалтқан, ұрлатып алған, мақсатқа сай емес және қылмыстық мақсатта қолдану жағдайының алдын алу

## ІІО бақылауына жататын ережелер

қару мен оның оқ-дәрілерін өңдеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, көрмеге қою, сақтау, есепке алу мен тасымалдау, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әкелу (әкету)

жарылғыш материалдарды, азаматтық пиротехникалық заттарды сатып алу, тасымалдау, сақтау, әкелу (әкету), есепке алу және оларды қолдана отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалары мен олардың сыныпталуы анықталған, сондай-ақ жасалған бұйымдарды ұдайы сақтау орындарында сақтау мен пайдалану

атыс тирлері мен ататын жерлерді, атыс-аңшылық стендтерін, штемпельді-граверлық шеберханаларды, түрлі-түсті көбейту-көшіру техникасымен жарақтандырылған көбейту учаскелерін ашу және жұмыс істету

улы, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен радиоактивті заттарды сақтау және лицензияланған қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарына заңды тұлғалар персоналының сәйкес келуі бойынша ережелердің сақталуын


рұқсат беру жүйесінің тәртібін сақтау бойынша жоспарға сай және жоспардан тыс тексерулер жүргізу
Объектілерге жұмыс істеу үшін адамдарды тексеру және жіберу
рұқсат беру жүйесі тәртібінің бұзылуының алдын алу бойынша алдын алу шаралар жүргізу
Лицензия-рұқсат беру жүйесін қамтамасыз етудің негізгі жолдары
лицензия және рұқсат беру
объектілерді тіркеу
объектілерді алдын ала тексеру

## Лицензиялау рұқсат ету жүйесінің объектілері

| **құралдар** | **заттар** | **Кәсіпорындар** |
|---|---|---|
| Оқ-дәрілер | жарылғыш | Қару-жарақ дүкендері және шеберханалар |
| түрлі-түсті бейнеде көбейту-көшіру техникалары | есірткі | атыс тирлері мен ататын жерлерді |
| | улы | Оқ-дәрілер қоймасы және қару сақтау орны |
| | | Мөрлер мен мөр табандарды дайындайтын штемпельді-граверлық кәсіпорындар (шеберханалар)ы |

# Қазақстан Республикасы ІІМ өкілеттілігі

**береді:**

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық және пиротехникалық құралдар мен оларды пайдаланатын бұйымдарды, сондай-ақ өзін өзі қорғаудың химиялық құралдарын өңдеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, көрмеге қою құқығына лицензиялар;

Мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, қызметтік қаруды сатып алу (алу) құқығына ие саяси мемлекеттік қызметкерлерге бекіту үшін, Қазақстан Республикасының депутаттарына, прокурорларына және ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларына қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу құқығына лицензиялар

заңды тұлғаларға қызметтік, азаматтық қаруды, оның патрондарын, жарылғыш заттарды, оқ-дәріні, азаматтық пиротехникалық құралдар мен оларды пайдалану бұйымдарын, улы заттарды, түрлі-түсті бейнеде көбейту-көшіру техникасын әкелу мен әкетуге, ал Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарына азаматтық қаруды әкелу мен әкетуге рұќсат

Қазақстан Республикасының азаматтарына азаматтық қаруды сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсат

шетел азаматтарына азаматтық қаруды сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсат

қаруды комиссиялық сатуға жолдау

Қазақстан Республикасының азаматтарына марапаттық қаруды сақтау және алып жүру құқығына рұқсат береді

**келісім береді:**

импортқа (экспортқа) лицензиялау арыздарын, импортердің (соңғы пайдаланушының) жарылғыш заттар мен материалдарды, азаматтық пиротехникалық құралдар мен оларды пайдалану бұйымдарын, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жеткізуге кепілдендірілген міндеттемелерге лицензия алу өтініштеріне

қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға лицензия алу құқығына үміткер болатын заңды тұлғаларға қару мен оның патрондарының қажетті саны туралы мәліметтерге

## Қазақстан Республикасы ІІМ арнайы басқарма полициясының әкімшілік полиция комитеті, көліктердегі және облыстарда, Астана, Алматы қалаларының ІІД өкілеттілігі

жүзеге асырады :

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық құралдар мен оларды пайдаланатын бұйымдарды, сондай-ақ өзін өзі қорғаудың химиялық құралдарын өңдеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, коллекциялау, көрмеге қою, айналысу құқығына лицензия алуға үміткер жеке және заңды тұлғаларға лицензия алдындағы құжаттар дайындауды

**береді:**

- жарылғыш материалдарды, оқ-дәріні сатып алу, сақтау (қолданысқа енгізу), тасымалдау құқығына рұқсат
- Қазақстан Республикасының азаматтарына азаматтық қаруды (оның ішінде ойықты) сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсат
- прокурорларға қызметтік қаруды (тапаншаны) сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат
- ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларға және күзет қызметінің субъектілеріне азаматтық қаруды (оның ішінде ойықты) сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат
- ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларға және күзет қызметінің субъектілеріне, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату құқығына заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік лицензиялар алған заңды тұлғаларға қызметтік қаруды (оның ішінде - ойықты) сатып алу құқығына рұқсат береді
- азаматтық және қызметтік қаруды комиссиялы сатуға жолдама
- Қазақстан Республикасының азаматтарына азаматтық қарудың санаулы даналарын әкелуге және әкетуге рұқсат
- түрлі-түсті бейнеде көбейту-көшіру учаскелері, ату тирлерін, ату орындарын, аңшылық-спорттық стендтерін, штемпельдік-граверлық шеберханаларды ашу және олардың жұмыс істеу құқығына рұқсат
- есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының саласында объектілер мен үй-жайларды пайдалануға рұқсат;
- өз қызметтік міндеттері бойынша есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға тікелей қатысы бар адамдардың тиісті тексеруі туралы қорытындылар
- екі түрлі мақсатта қолданылатын өнімдерді әзірлеуге, шығаруға, жөндеуге және қызмет көрсетуге лицензия алуға үміткер заңды тұлғаларға екі түрлі мақсатта қолданылатын өнімдерді, олардың жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін есепке алу, сақтау және тасымалдау кезінде белгіленген шарттарды қамтамасыз етуді бақылауды ұйымдастыру жөніндегі қорытындылар

## Аудандық және қалалық ІІБ (бөлімдері) өкілеттілігі

**береді:**

жарылғыш материалдарды, оқ-дәріні, улы және радиоактивті заттарды сатып алу, сақтау (қызмет ету), тасымалдау құқығына рұқсат

Қазақстан Республикасының азаматтарына азаматтық қаруды (ойықтыдан басқа) сатып алу, сақтау, сақтау және алып жүру құқығына рұқсат

ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларға және күзет қызметінің субъектілеріне қызметтік қаруды (ойықтыдан басқа) сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат

түрлі-түсті бейнеде көбейту-көшіру учаскелері, ату тирлерін, ату орындарын, аңшылық-спорттық стендтерді, штемпельдік-граверлық шеберханаларды ашу және олардың жұмыс істеу құқығына рұқсат

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының саласында объектілер мен үй-жайларды пайдалануға рұқсат

өз қызметтік міндеттеріне байланысты есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен және прекурсорлармен тікелей жұмыс жасайтын адамдарды тиісті тексерулер туралы қорытындылар

қаруды комиссиялық сатуға жолдама

ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаларға және күзет қызметінің субъектілеріне азаматтық қаруды (ойықтыдан басқа) сатып алу құқығына рұқсат

## Көліктегі ІІО өкілеттілігі

**беріледі:**

күзет қызметінің субъектілеріне және басқа да ерекше жарсылық міндеттері бар заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу құқығына лицензиялар

күзет қызметі субъектілері қызметкерлеріне қызметтік қаруды және оның патрондарын сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат

**Қызметтік ойықты қаруды сақтау мен алып жүру құқығына рұқсаттар мен сатып алу лицензияларға Астана және Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ІІД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының (бөлімінің) бастықтары немесе лицензиялық-рұқсат ету жұмысы бөлімшелерінің қызметін бағыттайтын олардың орынбасарлары қол қояды.**

**Ішкі істер органдары қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау және алып жүру құқығына беретін рұқсаттарға "рұқсат тек қызметтік міндеттерін атқарған кезде ғана жарамды" деген бедері бар мөртаңба басылады.**

## Азаматтық қаруға бақылау жүргізуді ұйымдастыру

Қару мен оның патрондарын сақталуын қамтамасыз ететін жағдайлардың сақталуы (металл шкафтардың, сейфтердің бар-жоғы, бекіту құралдарының, құлыптардың беріктігі). Атыс қаруы, іштен бекітілетін сенімді құлпы бар, еденге немесе қабырғаға мықты қағылған, қабырғаларының қалыңдығы 3 мм-ден кем болмауы тиіс металл жәшіктерде (шкафтарда) сақталуы тиіс.

**Азаматтардың тұратын жері бойынша азаматтық қару сақталатын үй-жағдайларында тексеріледі:**

Қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттың бар-жоғы, оның күшінде болу мерзімі, рұқсаттағы нөмір, атауы бойынша көрсетілген қарудың нақты бар-жоғы

## ІІО құралдармен және заттармен жұмыс істеуге, сондай-ақ, қаруды сатып алуға және сақтауға рұқсаттар беруден бас тарту негіздері

- Қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлар болмаса (сейф немесе металл шкаф немесе бөгде адамдардың қаруды пайдалануын болдырмайтын өзге де орын болмаса)
- Көру қабілетінің бұзылуымен, психикалық аурумен, маскүнемдік пен нашақорлықпен байланысты қаруды иемденуге терістеу айғақтар жоқ екендігі туралы медициналық қорытынды ұсынбаса
- қасақана қылмыс жасағаны үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар болса
- ішкі істер органдарына қаруды қолдануда қауіпсіздік ережелерін білетіндігін анықтайтын тексеруден өткенін растайтын құжаттарды ұсынбаса (қаруға рұқсат ресімдеген кезде)
- қызметтік қаруға рұқсат ресімдеген кезінде 21 жасқа толмаған болса (тек күзет қызметінің субъектілері үшін)
- бір жыл ішінде екі немесе одан да көп рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған болса
- 18-жасқа толмаса

# 10 тарау. Көші-қон полиция қызметін ұйымдастыру

## Негізігі ұғымдар

**босқындар** - саяси сенімдері, нәсілдік, діни наным, азаматтық, ұлттық белгілері, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы бойынша қудалау құрбаны болуы мүмкін екендігінің негізделген қаупі төнуі себепті өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде тұруға мәжбүр болған және осындай қауіп салдарынан өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе қорғауын пайдаланғысы келмейтін шетелдіктер немесе осындай қауіп салдарынан өзінің бұрынғы кәдуілгі тұрғылықты елінен тыс жерде тұрып жатқан, оған қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін азаматтығы жоқ адамдар

**еңбек көші-қоны** - жеке адамдардың еңбек қызметін жүзеге асыру үшін басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан, сондай-ақ мемлекет ішінде қоныс орнын уақытша ауыстыруы

**заңсыз көшіп келушілер** - келу, кету, болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жүріп өту тәртібін реттейтін заңдарды бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген және онда болатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар

**көші-қон** - жеке адамдардың бір мемлекеттен басқа мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде қоныс орнын тұрақты немесе уақытша, ерікті немесе амалсыздан ауыстыруы

**көшіп келу** - шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі

**көшіп келушілер** - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар

**көшіп кету** - Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін кетуі

**көшіп кетушілер** - Қазақстан Республикасының басқа мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін көшіп кеткен азаматтары

**көшіп-қонушылар** - Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударған адамдар

**оралмандар** - Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатымен келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар

**ішкі көші-қон** - жеке адамдардың Қазақстан Республикасы ішінде қоныс орнын тұрақты немесе уақытша, сондай-ақ маусымдық ауыстыруы

## Халықтың көші-қонын реттеудің негізгі принциптері

- Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген адамның тұратын жерін еркін таңдау құқығын, еңбек бостандығын, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауын, кету бостандығын, жүріп-тұру бостандығын қамтамасыз ету;
- шығу тегіне, әлеуметтік, қызмет және мүлік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарай қандай да бір кемсітуге жол беруге болмайтындығы;
- Қазақстан Республикасы көші-қон заңдарының республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның өткен тарихы мен дәстүрлерін, даму перспективаларын ескере отырып, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның халықаралық нормалары мен ұсыныстарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- ұлты қазақ адамдарды Қазақстан Республикасына қоныстандыруға жан-жақты жәрдемдесу, олардың қоныс тебуін ұйымдастыру, жұмыс орындарын ашу, оралмандарды әлеуметтік қамсыздандыру және оларға әлеуметтік көмек көрсету;
- әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты ықтимал көші-қон мен көші-қон лектерінің бағыттарын болжауға негізделген іс-әрекеттердің орташа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларында әлеуметтік-экономикалық ынталандыруды талдап жасау негізінде ел ішінде де, одан тыс жерлерде де жөн-жосықсыз және ретсіз процестерді болғызбау;
- көші-қон процестерін ретке келтіруді ұйымдастыруға тиісті мемлекеттік органдардың қатысуы;
- бастаманы мемлекеттік атаулы қолдау жағдайында көшіп-қонушылардың жаңа қоныста жайласуға жеке өзінің қатысуы және әрқайсысының, ең алдымен экологиялық және дүлей зілзала аймақтарынан қоныс аударушылардың өз бетінше іс-әрекет етуі;
- басқа елдермен, әсіресе көшіп келушілерді қабылдаушы елдермен оқып білім алу, кәсіби даярлық, еңбек көші-қоны түрінде заңсыз көшіп-қонуды азайту саласында ынтымақтастық жасау принциптеріне негізделеді.

**Шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына келуіне бас тарту негіздері**

- егер ол бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаса
- егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандырса
- егер ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне саналы түрде қарсы шықса, оның бірлігі мен аумағының тұтастығын бұзуға шақырса
- егер ол террорлық әрекеті үшін сотталса не бұрын жасаған ауыр немесе ерекше ауыр қылмысы үшін соттылығы болса
- егер ол келу туралы өтініш қозғалған кезде өзі жөнінде жалған мәліметтер хабарласа немесе қажетті құжаттарды табыс етпесе
- егер ол бұрын Қазақстан Республикасынан қуып жіберілсе
- егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса
- егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезінде оның шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы заңдарды, Қазақстан Республикасының кеден, валюта немесе өзге де заңдарын бұзған фактілері анықталса

## Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту негіздері

**Шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылуы мүмкін**

қылмыс жасағанға дейін тұрақты тұратын жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс болып, бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдарға

көрінеу заңсыз көшіп келушілерге, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін өздері шыққан елдердің заңдары бойынша қудалауға ұшыраған көшіп келушілерге

адамзатқа қарсы қылмыс жасаған адамдарға

оралмандарды қоспағанда, Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өзінің төлем қабілеттілігін растауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен табыс етпеген адамдарға

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау органдары мен басқа да уәкілетті органдардың қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында эпидемияның таралуына себепші болуы мүмкін сырқаты бар адамдарға

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы заңдарды бұзған адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органның, ішкі істер органдары мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің дәлелді шешімдері негізінде

# Қазақстан Республикасынан кетуге рұқсат беруден бас тарту негіздері

**Қазақстан Республикасының азаматына заңдарға сәйкес мынадай жағдайларда, кетуге рұқсат беруден бас тартылуы мүмкін егер ол:**

мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді білетін болса – осы мән-жайлардың күші тоқтатылғанға дейін

қылмыс жасау сезігі бойынша ұсталып не айыпкер ретінде тартылса - іс бойынша шешім шығарылғанға немесе сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін

қылмыс жасағаны үшін сотталған болса - жазасын өтегенге немесе жазадан босатылғанға дейін

өзіне сот жүктеген міндеттемелерді атқарудан жалтарып жүрсе,міндеттемелерді орындағанға дейін немесе тараптардың келісімге қол жеткізуіне дейін

міндетті мерзімді әскери қызметтен өтіп жүрсе - осы қызметтен өтуді аяқтағанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес одан босатылғанға дейін

Қазақстан Республикасынан кетуге құжаттар ресімдеу кезінде өзі туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарласа – осындай құжатты ресімдеуші орган мәселені шешкенге дейін, бірақ бір айдан аспайтын уақытқа

# Қазақстан Республикасының азаматы болу

**Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады**

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын

Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын

Қазақстан Республикасының азаматтығын заңнамаларына сәйкес алған адамдар

Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды

## Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық жағдайы

Қазақстан Республикасының азаматтығы, оның қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады

Қазақстан Республикасының азаматтары тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына, саяси және өзге де сенімдеріне, кәсібінің түрі мен сипатына, тұрғылықты жеріне және басқа мән-жайларға қарамастан заң алдына тең

Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында жарияланған, кепілдік берілетін азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарды барынша толық иеленеді

**Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы**

Конституцияда , заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді мойнына алады

## Азаматтық алу негіздері

**Қазақстан Республикасының азаматтығы**

тууы бойынша

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау нәтижесінде

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша

Қазақстан Республикасы «Азаматтық туралы» заңда көзделген өзге де негіздер бойынша алынады

## Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау шарттары

**Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдануы мүмкін:**

Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады

Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі - баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады

Әскери қызмет атқарып жүрген және Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан әскери қызметшілердің азаматтығы мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарымен белгіленеді

## Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдаудан бас тарту негіздері

**Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш жасаушы адам:**

- азаматқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса
- Қазақстан Республикасы территориясының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса
- мемлекет қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы іс-әрекет жасаса
- мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса
- терроршылдық әрекеті үшін сотталған болса
- сот ерекше қауіпті баукеспе деп таныса
- басқа мемлекеттің азаматы болса, оның өтініші қабылданбайды

## Азаматтықты тоқтату негіздері

**Қазақстан Республикасы**
**азаматтылығы**
**келесі салдарынан тоқтатылады**:

Қазақстан Республикасының азаматтылығынан шығу

Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу

## Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу

Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуға адамның “Қазақстан Республикасы азаматтық туралы” заңында көрсетілген тәртіппен жасаған өтініші негізінде рұқсат етіледі

↓

Егер шығу туралы өтініш жасаушы адамның Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерінің немесе мүліктік міндеттемелерінің орындалмағандары болып, олармен азаматтардың немесе Қазақстан Республикасы территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделері байланысты болса, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығарудан бас тартылуы мүмкін

↓

Егер шығу туралы өтініш жасаушы адам айыпкер ретінде қылмысты жауапқа тартылған болса не заң жүзінде күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе, немесе ол адамның Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келсе, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуға жол берілмейді

## Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу

**Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылады:**

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан

егер Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша

егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адам дәлелсіз себептермен үш жыл бойы консулдық есепке тіркелмесе

егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса

## 11 ттарау. Жол полиициясы қызметін ұйымдастыру

**Жол полициясының негізгі міндеттері**

- Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру
- Жол қозғалысын қамтамасыз ету барысында мемлекеттік бақылау және қадағалау
- Қоғамдық тәртіппен және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау
- Жол қозғалысын жетілдіру
- Жол қозғалысы барысында мемлекеттік басқару мен рұқсат беру функцияларын орындау
- Қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықты ескерту, алдын алу, ашу
- ІІО туралы заңда көрсетілген шектеулерді сақтай отырып, көлік жолдарында және инфрақұрылым объектілерінде болатын қылмыстардың алдын алу, ашу, ескерту барысында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру
- Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген шектеулерді сақтай отырып, анықтау мен әкімшілік іс-жүргізуді қамтамасыз ету

## Жол полициясының негізгі функциялары

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қадағалау және бақылау жүргізуді жүзеге асыруды сақтау:
-Қазақстан Республикасы жолаушылар мен жүктерді автокөліктермен тасымалдау ережесі;
- көлік құралдарының  техникалық және конструкциялық жағдайын бекітетін талаптардың нормативтері және стандарттары;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік және бақылау жүргізуді жүзеге асыруды сақтау:
-жол қозғалысының жағдайын және тәртібін бекітетін нормативтер, ережелер және стандарттар;
- автокөлік тасымалдау және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету аумағындағы халықаралық шарттар;

жол апаттарының болу себептерімен салдарын анықтау және сараптау, сонымен қатар жол қозғалысы қауіпсіздігін туғызатын заңсыз әрекеттермен құқықтық тәртіптің бұзылуына байланысты шаралар қолдану, сондай ақ жол қозғалысының қауіпсіздігін күшейту бойынша шаралар құру

көлік иелерімен тасымалдаушылардың жауаптылығын азаматтық-құқық заңнамаларына сәйкес міндетті түрде сақтандыру бойынша көлік иелерімен жолаушы тасымалдаушылардың міндеттерін мемлекеттік бақылауға алып жүзеге асыру

жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі және тәртіпті күшейту бойынша шаралар қолдану, жол қозғалысы саласында қылмыстармен құқықбұзушылықтың жолын кесу және анықтау, жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асыру

жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісі бойынша іс қозғап жүзеге асырады

автокөлік жолдарында болған қылмыстардың алдын алу және ескерту, қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша шараларға қатысу

жол қозғалысын басқару бойынша реттеу әрекетін жүргізеді

## Жол полиция қызметінің негізгі бағыттары

жол қозғалысына қатысушыларды бақылау

жол жағдайын және қозғалысын реттеуді бақылау

автокөлік құралдарын тіркеу және есепке алу, олардың техникалық жағдайын қадағалау

көлік жүргізушілерді дайындауды бақылау

талдау-ұйымдастыру жұмыстары

жол қозғалысының қауіпсіздігін насихаттау

## Жол патруль қызметі нарядтарының түрлері

Жол полиция бекеті – жол полиция қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда нақты анықталған орын

Патруль маршруты – бұл жол полиция қызметкерлерінің белгіленген автокөлік жолының участкесінде оларға жүктелген міндеттерді орындау

Жол полиция наряды – патруль маршрутында және бекеттерде қызметті атқару үшін тағайындалған бір немесе бірнеше жол полиция қызметкерлері

Стационарлық жол полиция бекеті – арнайы жабдықталған қызмет орны, жедел-техника және арнайы құралдармен жабдықталған инженерлік және басқада жабдықтармен, сонымен қатар өздеріне бекітілген жауапкершілік аймақтарынан тұратын жол полиция нарядының қызмет атқаратын орны

Бақылау өткізу пункті – жаппай шаралар жүргізу кезінде, (жерлерде) табиғи апаттарда, эпидемия және т.б. төтенше жағдайлар кезінде, белгілі бір аудандарда, көлікпен жаяу жүрушілердің жүріс-тұрысын шектеу қоятын немесе өткізу тәртібін сақтау үшін құрылған полиция наряды


Мотоцикл және автокөліктер мен патрульдеу
Ертіп жүру және экскорттық көлік құралдары
Жаяу патрульдеу
Жол патруль қызметін атқарудың негізгі нысандары
Тікұшақпен патрульдеу
Бекеттерде қызмет атқару сонымен қатар стационарларда

## Көлік құралдары тоқтату үшін негіздер

Жүргінші немесе жүргізушімен көлік жол қозғалысының тәртібін бұзылуын өлшейтін құралдарды қолдану немесе көру қабілетімен анықтау

Қылмысқа, әкімшілік құқық бұзу, жол апаттарына, жүргізушінің, жолаушылардың қатысы бар туралы куәландыратын мәліметтердің болғаны жағдайында

Іздеуде жүрген көліктердің ұқсастықтары (түсі, маркасы бойынша) бойынша, және де көліктерді заңға қайшы әрекеттерде қолданылуы туралы мәліметтердің болуы

Жол апатының, әкімшілік құқық бұзушылықтардың, қылмыстың куәлері болған жүргізушілер мен жолаушылардан қажетті жауап алу кезінде

Оған өкілетті лауазымды тұлғалар немесе мемлекеттік органдардың қозғалысты шектеу немесе тыйым салу туралы шешімдерін орындау

Полиция қызметкерлеріне немесе басқа да жол қозғалысының қатысушыларына жүргізушіні немесе көлік құралын көмек ретінде қолдану кезінде

Көлікті жүргізуге берілген құжаттардың заңды екені тексеруге және де тасымалдайтын жүктің құжаттарын тек қана жол полиция бекеттерінде ғана емес, сонымен қатар бақылау-өткізу пунктерінде де тексеру жүргізу кезінде

**Жол полициясының көлік құралдарының конструкциясы мен техникалық жағдайына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқұқтық кесімдердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамалардың сақталуын бақылау жөніндегі негізгі міндеттері**

көлік құралдары мен олардың қосымша жабдықтарының конструкциясы мен техникалық жағдайының нормативтік құқықтық кесімдердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес келмеуінен пайда болатын жол-көлік оқиғалары зардаптарының алдын алу және ауырлығын төмендету

көлік құралдарын пайдалануға байланысты жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу

## Пайдаланудағы көлік құралдарының конструкциясы мен техникалық жағдайын бақылау жүргізу жолдары

көлік құралдарына арналған тиісті құжаттарды тексеру

көлік құралдарының конструкциясы мен техникалық жағдайының нормативтік құқықтық кесімдердің, стандарттардың және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқа да нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкестігін тексеру

бақылаудың нәтижелерін ресімдеу

**Қазақстан Республикасы аумағында пайдаланатын және белгіленген тәртіппен тіркелген көлік құралдары Қазақстан Республикасы ІІМ жол полициясында міндетті түрде техникалық бақылаудан өту қажет**

**техникалық бақылаудың негізгі міндеттері:**

жол жүрісіне қатысатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары Жол жүрісі ережелеріне, стандарттарға және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкестілігін бағалау

Көлік құралдарының санын, олардың тиесілігін және өзге де тіркеу құжаттарын нақтылау

қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу

# 12 тарау. Көліктегі ішкі істер органдар қызметі

**Көліктегі ІД Қазақстан Республикасы ІІМ орталық аппараттар бөлімінің жеке құрамы болып табылады: оның негізгі міндеттері болып табылады**

Жеке қауіпсіздікпен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру, меншікті заңсыз қол сұғушылықтан қорғау, қылмысты ашу және анықтау, тұлғаларды іздестіру, қылмысты алдын алу, басқада құқық бұзушылықтарды ескерту және, лауазымды тұлғалар және бағынышты органдар қызметінде заңдылықты сақталуын қамтамасыз ету

**аталған міндеттерден оның негізгі функциялары туындайды:**

-Қазақстан Республикасы көліктегі ІІО қызметінің жүйесін ұйымдастыру;
- әуе, су және темір жол көліктерінде жедел жағдайларға сараптама жүргізу; КІІО алдына қойылған міндеттерді шешуде қолданылатын шарлардың тиімділігін бағалау;
- КІІО қызметінің ұйымдастырушылығын жетілдіру, оның өзінділігін, жедел-қызметтік қызметінің әдістері және нысандары;
-Теріс құбылыстарға және тенденцияларға жедел көңіл бөлу шараларын өңдеу;
-көліктегі құқықбұзушылық профилактикасы, оның ішінде кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстарды ашу, жолын кесу және алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- өзінің ағымдағы қызметінің тиімді жоспарын жүзеге асыру, КІІО ақпараттық-талдауды қамтамасыздандыру, министрліктің жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізу;
- із-түссіз жоғалған тұлғаларды, қылмыскерлерді іздестіру және анықтау, қылмыстың алдын алу, ашу және анықтау бойынша КІІО ЖІҚ ұйымдастыру;
- ұйымдасқан топпен жасалған қауіпті қылмыстар бойынша және аса көп мөлшерде жүкті ұрлау істері бойынша ЖІШ жүргізуде КІІО нақты көмек көрсету;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша көліктегі әкімшілік полициясының жұмысын ұйымдастыру, әуе жолаушыларын тексеру, көлік объектілерінде лицензия беру жүйесін тәртібін бекітілген заңнамаға сәйкес сақтауды бақылау;
- КІІО мен байланысты қамтамасыз ету, жағдайдың күрделенуі немесе төтенше жағдай туралы хабарламалар түсу бойынша жедел шешімдер қабылдау, бағынышты КІІО қызметін бақылау;
- әкімшілік тәжірибесінде және ЖІҚ заңының сақталуына, сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық және т.б. қылмыстар туралы келіп түскен ақпараттарды тіркеу және қабылдау бойынша жұмысының жағдайына бақылау жүргізу

## ЖПО негізгі міндеттері

Азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету

қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

қылмыстар мен әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу

қылмыстарды ашу және тіркеу, соттан, тергеуден, анықтама органдарынан жасырынған, қылмыстық орындаудан жалтарған, хабар ошасыз немесе заңмен белгіленген басқада жағдайларда жоғалып кеткен адамдарды іздестіруді ұйымдастыру

КПО құзыретіне жататын әкімшілік жазаларды орындау

Өз құзыреті шегінде азаматтарға, лауазымды тұлғаларға, мекемелерге, ұйымдарға және қоғамдық бірлестіктерге өз құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруына көмектесу

## Желілік полиция пунктерінің негізгі міндеттері:

қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу

қылмыс немесе басқа да құқық бұзушылықтарды жасауы мүмкін адамдарды тауып, олармен алдын алу жұмыстарын жүргізу

Өзінің құзіреті шегінде заңмен белгіленген тәртіппен, анықтауды және әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру

Ата-анасының қарауынсыз қалған және өз еркімен үйлерінен кеткен кәмелетке толмағандарды анықтау, қызмет ететін аумақтарында кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу

темір жол көлігінің объектілерінде қарау шараларын өткізуге қатысу

Өз құзіреті шегінде азаматтарға, лауазымды тұлғаларға, мекемелерге, ұйымдарға және қоғамдық бірлестіктерге өз құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруына көмектесу

Паспорттық-визалық қызметті қамтамасыз ету

**Жолаушылар поездарына ілесіп жүру жөнініндегі патрульдік полиция бөлімшелерінің негізгі міндеттері**

Қоғамдық тәртіпті күзету, қоғамдық қауіпсіздікті, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлкін сақтауды, жолаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан, өзге де қоғамға жат көрністерден қорғауды қамтамасыз ету

Жолаушылар поездарындағы, вокзалдардағы, станциялардағы қылмыстарды анықтауға, жолын кесу және ашуға бағытталған жедел-іздестіру және іздеу іс-шараларына қатысу

Жеке және темір жол көлігі қызметкерлерінің көмегімен вокзалдарда белгіленген тәртіпті сақтауға, жолаушылардың еркін кіріп-шығуына шаралар қолдану

Іздеудегі адамдарды (дезертирлерді), белгілі бір тұрғылықты жері, құжаттары жоқ адамдарды, басқа да құқық бұзушыларды анықтау, оларды ЖІІО кезекші бөліміне немесе аумақтық ІІО жеткізу

## Жолаушылар поездарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшелерінің негізгі функциялары

- жолаушылар поездарында және темір жол көліктері объектілерінде құқық тәртібін қамтамасыз ету;
- қылмыс жасау пиғылындағы немесе қылмыс жасаған адамдарды анықтау және ұстау мақсатында қылмыстың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі іздеу және өзге де іс-шараларға қатысу;
- дайындалып жатқан және жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы азаматтардың өтініштері мен арыздарына, лауазымды адамдардың хабарламаларына тез арада ден қою, бұл туралы ЖІО, КІБ жедел кезекшісіне дер уақытында ақпарат беру;
- қылмыс жасалған жерде ұсталғандарды ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне айдауылдау және оқиға болған жерден ізін жасырған қылмыстың жасалуына күдікті адамдарды ұстауға аумақтық ІО қызметкерлеріне көмек көрсету;
- теміржол көліктері объектілерінде арамтамақтықпен өмір сүретін азаматтарды анықтау, қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларға шаралар қолдану;
- қайғылы оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз халдегі жолаушыларға көмек көрсету;
- азаматтар мен лауазымды адамдардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап ету, ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі болатын құқық бұзушылықтар мен әрекеттерді тоқтату. Бұл талаптарды орындамаған жағдайда "Қазақстан Республикасындағы ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына сәйкес арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдануға дейін тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдану;
- құқық бұзушылыққа күдікті деуге негіз болған кезде азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру;
- ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, хаттамалар толтыру, құқық бұзушыларды ұстау және оларды көліктегі ішкі істер органдарына жеткізу, адамдарды, заттарды, қозғалатын составтарды тінту, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті қамтамасыз ету жөніндегі заңнамада көзделген басқа да шараларды қолдану;
- мас күйдегі, адам абыройы мен қоғамдық әдепті қорлайтын не айналасындағыларға немесе өзіне зиян тигізуі мүмкін адамдарды көліктегі ішкі істер органдарының кезекші бөліміне жеткізу;
- құқық бұзушылық жасаған әскери қызметшілерді ұстау, оларды әскери комендаттарға, әскери бөлімдердің командирлеріне беру.

## Теміржол көлігінде қоғамдық тәртіпті қорғаудың негізгі бағыттары

Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің ұйымдастырылуы
және тәжірибелік орындалуы

Аудандық ішкі істер органдарымен, көлік кәсіпорындарының әкімшілігімен және
қоғамдығымен өзара әрекеттестігі

Рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру

Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және кәмелетке толмағандардың
құқық бұзушылықтарымен, ұсақ бұзақылық және
басқада құқық бұзушылықтармен күресуді ұйымдастыру

Заңмен көзделген сот, прокуратура, анықтау және тергеу органдарының
шешімдерімен қаулыларының орындалуы

## Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, ескерту бойынша тактикалық әдістері және амалдары

- әрдайын бекеттік маршрут бойынша патрульдеу
- бекетшінің бақылауға қолайлы орындарда орналасуы
- жолаушыларға көлік объектілерінде өзін өзі ұстау ережесін және олармен қозғалыс құралдарын қолдануын түсіндіру
- жолаушылар арасындағы жанжалдық жағдайды ескерту
- құқық бұзушылықты тоқтатуды талаб ету
- әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану

## Объективті факторлар мен сыртқы ортаның жағдайы, олардың үйлесуі жедел жағдайды құрайды

көптеген адамдар ағымдарының шоғырлануы

кішігірім аудандардағы маңызды көлемдегі материалдық құндылықтарға зейін қою

теміржол көлігі жүйесінің жоғары қоғамдық қауіптілігі

мезгілдік және ауа-райылық өзгерістерге ұшырауы

тәулік бойғы жұмыс айналымы

қозғалыстың үлкен жылдамдығы

жолаушыларды тасымалдаудың интенсификациясы

жолаушыларды тасымалдау объектілеріне және қозғалмалы құрамға еркін ену

криминалды полиция аппараттарының қызмет көрсету учаскесінің ұзақтылығы

темір жол көлігін басқару орталығының қатаң орталықтандыру, қоса бағыну қызметі мен бөлімшелердің маңызды санының болуы, олардың әрекеті мен барлық көлік қызметін регламенттейтін нормативтік актілер

# Көлітегі ІІО нарядтарының түрлері

**Патрульдер және тәртіпті қорғау бекеттері –** бұл наряд жолаушыларды, жүктерді тасымалдау саласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді.Патрульдер қоғамдық тәртіпті вокзал аумағын, жолаушыларды отырғызу платформаларын, сауда алаңдарын, сақтау орындарын, жүк парктерін, сауда орындарын тексеру жолымен қамтамасыз етеді. Бекеттік қызметті ұйымдастырудың ерекшелігі болып табылады, бекеттер қызмет ету сипаты бойынша бір станцияның аумағында орналасса да бірдей емес. Олар вокзалда, күту залдарында, билет кассаларында, қол жүгін сақтау камералар бөлмесінде, поездардың келу және жөнелту платформаларында және т.б., қойылады.

**Патрульдік топ –** уақытша тиеу-босату орындарында, тауарлық алаңдарда, контейнерлік пунктерде, ірі темір жол түйіндері мен станцияларында, сұрыптау алаңдарында жүктерді ұрлауға байланысты құрылады. Станция аумағымен өтетін, аялдама пунктерінде, жылу трассаларында, қызметтік мекемелердің шатырларында және жер асты қоймаларында қаңғыбастарды және қоғамға қарсы элементтерді анықтау үшін. Сонымен қатар, арнайы операцияларды орындауға қатысады.

**Поездарға ілесіп жүру наряды –** оның жүру кезінде құқық бұзушылықтарды ескерту, жолын кесуге және тиісті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қойылады.Ілесіп жүру тек қала аралық және алыс бағыттағы жолаушылар поездарында ғана емес, сонымен қатар тауар поездарында жүзеге асырылуы мүмкін.Ілесіп жүру наряды көбінесе экспорт-импорт жүктерін, ауылшаруашылық техникасы және маңызды жүктерді тасымалдау кезінде, сонымен қатар жеделдік қатынаста қолайсыз жол учаскелерінде тағайындалады.

**Құқық бұзушыларды тәркілеу тобы –** ілесіп жүру нарядтарына көмек көрсету үшін, құқық бұзушыларды ұстауға және оларды қала аралық поездардан кезекші бөлімдерге жеткізуге, сондай ақ ұсталғандарға материалдарды құрастыру үшін құрылады

**Отырғызу тобы –** темір жол вокзалдарында жолаушыларды тасымалдау көлемі көп болуына байланысты көлік және полиция қызметкерлерінен құрылады. Олар жолаушылар поездарының келуімен, кетуін бақылауды жүзеге асырады; жолаушыларды отырғызу және түсіру ережелерін қамтамасыз етеді: құқық бұзушылықтарды ескертеді; вагондарға балаларды үлкендердің алып жүруінсіз және мас күйдегі адамдардың кіріп кетуін болдырмау үшін шаралар қолданады, алкогольге қарсы заңнаманы бұзушылармен күрес жүргізеді

**Жедел-іздестіру тобы –** ұрланғанды іздеуге, соттан және тергеуден жасырынған адамдарды, мақсатты бағытта іздеу және ұстау үшін құрылады, олар белгіленген маршрут бойынша жұмыс істейді.Мұндай маршруттар вокзалдарда, станцияларда, ломбардтарда, базарларда, ұрланғанның және қылмыскерлердің жасырынуы мүмкін деген жерлерде жүргізіледі.

**Жедел тосқауыл –** бұл ерекше жағдайларда, ауыл шаруашылық жүктерін ұрлаумен күресуді күшейту, табуға (шығаруға) тыйым салынған заттарды (уылдырық шашу кезінде балықтарды, дәрілік шөптерді, есірткі заттарды, олардың өсуі және дайындау кезінде және т.б.), шығару жағдайларын жолын кесуге,бір жолдан екінші жолға ұрланған жүктердің белгілері бар, коммерциялық ақаулары жойылмаған және тиісті құжаттандырылмаған жүктерді қасақана тасымалдауға жол бермеу үшін құрылатын топ. Олар жағдайларына қарай тұрақты, уақытша және жиі қозғалатын болып бөлінеді

## ІІО әуе көлік объектілеріндегі негізгі міндеттері

Ұшу қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Азаматтық авиацияның әуе көлігінің экипаж мүшелерінің және жолаушылардың өмірі мен денсаулықтарын қорғау

Әуе көліктерінде құқық бұзушылықтармен күресу және олардың алдын алу

## Әуедегі көлігінде қоғамдық тәртіпті сақтаудың аумақтық ішкі істер органдарының айырмашылығы

Бұл қызмет тек, бір ғана саладағы белгіленген объектілерде жүзеге асырылады: аэродромдар шекарасындағы территориялар, аэровокзал ғимараттарында, аэропорттағы тұрғын қалаларда (паспорттық режимді қамтамасыздандырудан басқа) және де әуе көліктерінде

Функциясын жүзеге асыру тұрақты шарттарда әуедегі көлікте болатын факторлар (аэропорттардың тәуліктік жұмысы, жолаушылардың үзілмеуі, тауарлы-материалдық құндылықтардың жиынтығы және т.б.) олар жедел жағдайға, ішкі істер органдары бөлімшелерінің әрекеттерінің қарқынына және бағыттылығына әсерін тигізеді

Бір қатар жағдайларда (ұшақты басып алу, жолаушыларды кепіл ретінде пайдаланған қылмыскерлерді ұстау кезінде) қажетті ақпараттарды, көмек-кеңес осы органдардың жұмысында кең көлемде типтік нұсқада әрекеттерді және басқару шешімдерін уақытында алу мүмкіндігі жоқтығы

## ПО су көлігінде жедел қызмет көрсету объектілері

| **Теңіз көлігінде** | **Өзен көліктерінде** |
| --- | --- |
| Теңіз порттарының аумағы | Өзен порттарының аумағы |
| Порт аквияториясының кеме, қайық бөлігі | Вокзалдар, жағалаулар, кемежайлар (серуендеу үшін жүзу құралдарының жағалаулары, демалу базасы және қайық станцияларынан басқалары) |
| Вокзалдар, порттық айлақтары | Шлюздарды күзететін аумақтары |
| Кемелер және басқа жүзу құрал түрлері | Кемелерді жөндеу және тоқтау порттары |
| Сонымен қатар, жедел қызмет көрсетуге теңіз және өзен көліктерінің басқару органдары, кеме құрастырушы және кеме жөндеу зауыттары кіреді | Өзендердің және каналдың акваториясы кеме бөліктері және басқа жүзу құралдары |

## Су көліктеріндегі ішкі істер органдарының негізгі міндеттері

Су көлік объектілерінде қажетті қоғамдық тәртіппен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Азаматтардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етту

Жолаушыларға қызмет көрсету жұмысымен айналысатын ұйымдарда және кәсіпорындарда қылмыстылықпен және қиянат етушілермен күресу

Азаматтардың, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың құқықтарын және заңды мүдделерін қоғамға қарсы әрекеттермен қылмыстардан қорғау

## Көліктегі қоғамдық құрылымдарымен және әкімшілікпен ІІО қарым-қатынастарының негізгі нысандары

Құқық қорғау саласында құқықтық тәртіпті күшейтуді бірлесіп міндеттерді анықтау

Су және т.б. көлік түрлерінде, азаматтармен жүру ережесін сақталуын, қозғалысы тәртібінің режимін, жүкті сақтау жағдайын бірлесіп бақылау жүргізу

Құқық бұзушылық жасауға бейім келетін тұлғалармен бірлесіп жұмыс істеу

Көлік жұмыскерлерінің және халых арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар қоғамдық тәртіптің жағдайын және меншікті қорғау мәселелері бойынша қоғамдық көзқарастың қалыптасуын бірлесіп зерделеу.

# 13 тарау. Мемлекеттік күзет қызметі

**ІІО мамандандырылған күзет қызметінің саптық бөлімшелерінің негізгі міндеттері**

Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес Қазақстан республикасының ІІО құзіреті шегінде, қылмыстық және басқа да қолсұғушылықтан міндетті түрде мемлекеттік қорғауға алынатын объектілерді күзетуді қамтамасыз етеді

Күзет алынған объектіерде өрттің алдын алу.

Мемлекет органдары және ұйымдармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен қарым-қатынас

ІІО бөлімдерімен қарым-қатынас ету қылмыстың, әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту, анықтау, тергеуден анықтау органынан және соттан жасырынған тұлғаларды іздестіру, сонымен қатар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша

# ІІО арнайы күзет қызметі қызметкерлерінің міндеттері

- Құқыққа қайшы қол сұғушылықтан объектілерді қорғау
- күзеттегі объектілерде қылмыстың жолын кесу және ашу
- әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу және ашу
- өткізу бюросының жұмысын және өткізу режимінің жағдайына бақылау жүргізу
- “Өрт сөндіру қызметі және апаттан құтқару жұмыстары” бойынша мемлекеттік мекемелермен ІІО аумақтық бөлімдері күзеттегі объектілерде өртке қарсы жаппай бірікен шараларды жүргізуді ұйымдастыру
- ғимараттармен объектілерді күзетуде шартқа отыру
- күзету объектілерінің (аумақтың) жағдайын зерделеу, оның қарамағындағы күштермен күзету құралдарының көмегімен қажетті жағдайда өз еркімен обьектілерді күзетуді күшейту туралы шешімдер қабылдау
- күзету объектілерде ұрлықты болдырмау шаралар жүргізу, күзет режимін бұзушыларды және қылмыскерлерді ұстау
- объектілерді күзетуді ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныстар беру, күзету техникалық құралдарын жетілдіру, оларды уақытында жөндеуден өткізу
- ЖБО мен ІІО кезекші бөлімдеріне келіп түскен дабыл бойынша жедел әрекет ету тобы құрамында күзет объектілеріне шығуды жүзеге асыру
- қару қолданған жағдайда басшыларға хабар беру, сонымен қатар жәбірленушілерге қажетті медициналық көмек көрсету
- объектілерді күзету бойынша бекеттерге  қажетті қызметтік құжаттарды жүргізу

## Қызмет  бөлмесіне, күзету объектісіне шабуыл жасаған кезде, және де объектіде немесе оның жанында қоғамдық тәртіп бұзылса немесе қылмыс жасалса бекеттіктің (патрульныйдың) іс-әрекеті

Бөлімше бойынша кезекшіге дереу хабарлау

Шабуылға тойтарыс беру үшін керекті шараларды қолдану, қылмыстың (құқық бұзушылықтың) жолын кесу

Қоғамдық тәртіпті бұзушыларды және қылмыскерлерді ұстау бойынша шара қолдану

## Объектілерді күзетуді ұйымдастырудың тәсілдері

**Стационарлық бекет –** бұл бекетте бекетшілермен бір белгіленген күзеттегі объектіні немесе бірнеше ашық аландары бар және де территориясы қоршалған , Бекет айналмасының жалпы ұзындығы 100 метрден аспайды

**Жеке объектілер бойынша –** полиция нарядтары тікелей күзетілетін обьектілерде немесе оның жанында орналастырылғанда

**Периметр бойынша –** полиция нарядтары күзетілетін аумақтың шекарасы бойы орналасып, өткізу орынынан тыс оған бөгет жасағанда

**Айналмалы бекет –** күзет орнындағы полиция қызметкері бір немесе бірнеше обьектілердің күзететін оларды айналып шығу бойынша олардың ұзындығы 100 метрден астам, бірақ 300 метрден көп емес болған кезде жүзеге асырылады

**Аралас тәсіл –** бір уақытта периметр бойынша немесе жеке обьектілер бойынша

# МКҚСБ наряд құрамы




Объектілерді тексеру жүргізген кезде дабылды жариялауға құқығы бар лауазымды адамдар
Қазақстан Республикасы ІІМ және оның орынбасарлары, МКҚД бастығы мен оның орынбасарлары, МКҚБ (Астана қаласы) бастығы мен оның орынбасарлары, МКҚБ бастықтары мен оның орынбасарлары
МКҚД-нің, МКҚБ-нің (Астана қ) басшы және инспекторлық құрамы

**МКҚСБ-ң қызметін бағалаудың негізгі бағыттары**

Орындаушылық тәртіптің жай-күйі

қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу

заңдылықты сақтау

қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу

қылмыстарды ашу, іздестіруде жүрген адамдарды анықтау және ұстау үшін шаралар қабылдау

## Мамандандырылған күзет қызметінің саптық бөліністерімен шартты міндеттемелерді қамтамасыз ету жолдары

орталық бақылау пультіне қосылған өрт-күзет дабыл құралдары іске қосылған кезде МКҚБҚ нарядтарының жедел әрекеті

күзету объектілерінде патрульдеу немесе оларға бекеттер қою

күзетілетін объектілерде және оның аумағында (ішкі объектілік) өткізу режимін енгізу

жүктерді және құнды материалдарды алып жүру

# 14. Тарау Ерекше жағдайларда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау

**Ерекше жағдайдың түсінігі және түрлері**

**Ерекше жағдай** – бұл адамдарға зиян келтіретін процестердің және құбылыстардың пайда болу кезінде қауіптілік жағдайын тудыратын қабілеттіліктің әр түрлі меншік түрлеріне залал келтіреді, сондай ақ қоршаған ортаға теріс әсер ететін және қоғамдық тәртіпті тұрақсыздандырса субьективті және обьективті сипаттағы әр түрлі төтенше жағдайлардың пайда болу нәтижесінде билікпен орнатылатын құқықтық режим

**Ерекше жағдайларға жатады:**

- **Әлеуметтік сипаттағы құбылыстар**
  - криминалдық
    - Жаппай тәртіпсіздіктер
    - Мемлекеттік обьектілерді басып алу
    - Қылмыскерлердің топтасқан және қарулы қашуы
    - Кепілге алу
  - Криминалдық емес
    - Саяси-қоғамдық шаралар
    - Мәдени ойын-сауық шаралары
    - Спорттық-жаппай шаралар
    - Діни шаралар
- **Табиғи сипаттағы құбылыстар**
  - Метеорологиялық сипаттағы
  - Гидрологиялық сипаттағы
- **Ерекше режимдер**
  - Төтенше жағдай
  - Әскери жағдай
  - Төтенше жағдайлар (ситуациялар)
- **Техногенді сипаттағы құбылыстар**
  - Апаттар
  - Авариялар
- **Экологиялық сипаттағы құбылыс**

## Төтенше жағдайлардың түрлері

| **қасақана** | **қасақана емес** | | |
|---|---|---|---|
| **Саяси және әлеуметтің жанжалдар** | **Техногендік апаттар** | **Дүлей зілзала** | **Құрамдастырылған ТЖ** |
| Көтерілістер | Өнеркәсіп апаттары | Жер сілкінісі | Табиғи-әлеуметтік |
| Терактілер | Транспорттық авариялар | Су тасқыны | эпидемиялар |
| Соғыстар | АЭС апаттар | Дауыл | эпизоотиялар |
| Саботаж | Химиялық және басқа қауіпті обьектілердегі авариялар | Құйын | |
| Диверсиялар | Құбырлардағы авариялар | Сел | |
| Жаппай тәртіпсіздіктер | | | |
| Санкцияланбаған шерулер және демонстрациялар | | | |

# Дүлей зілзаланың түрлері



# Дүлей зілзала жағдайлардағы ІІО міндеттері



# Дүлей зілзала жағдайында басқа мемлекеттік органдарға арнайы шараларды өткізуге көмек көрсету бойынша ІІО функциялары

**ІІО басқа мемлекеттік органдарға дүлей зілзалалармен күресуге көмекетесе отырып қамтамасыз етеді:**

- Авариялық құтқару және қалпына келтіру жұмысы өткізу үшін халықты, оның көліктерін және өрт сөндіру құралдарын жұмылдырады
- Азаматтарды қауіпті аумақтардан көшіру және оларды уақытша тұрғылықты жерге орналастыру, мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүлікті көшіру
- Карантиндік режимді қолдау
- Кәсіпорындардың және мекемелердің функцияларының режимін өзгерту
- Шаруашылық жүктерін тасымалдаудың және халықтың жүруінің белгіленген тәртібі

## Дүлей зілзала жағдайында ІІО негізгі шаралары

- халықты қауіп туралы хабар ету
- қылмыстың жолын кесу және ескерту
- зардап шеккендерді іздестіру және оларға көмек көрсету
- мемлекеттік маңызы бар объектілерді күзету
- жоғары қауіпті ошақтарда қоғамдық тәртіпті қорғау
- паспорттық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша шараларды белсендіру
- тонаушылықпен, жалған сыбыспен, үреймен күресу
- қауіпті аумақтарды қоршауға алу, жүргіншілердің және көлік қозғалыстарына шектеулер қою
- қаза болғандарды есепке алу

## Ерекше жағдай туған кезінде жедел штабтың міндеттері

тиісті жедел жоспарды іске енгізу, жеке құрамды жинау және бағыныштағы күштерді және құралдарды белгіленген дайындық дәрежесіне келтіру

байланысты ұйымдастырушы және басқарудың тиісті пункттерін өрістету

жағдай туралы ақпараттарды жинау және талдау, күштермен құралдарды қолдану бойынша басқару шешімдерін қабылдау

жергілікті атқарушы билік, жоғары жедел штабтың басшыларына, сонымен қатар тиісті прокурорға қабылданған басқару шешімімен және жағдай туралы хабарлау

тиісті жедел жоспар әрекетіне тартылған ведомстваның және министірліктердің және басқа бөлімшелердің басшыларына оларға қабылданған шешімді, жағдай туралы жариялау, міндеттер жүктеу және қарым-қатынасты ұйымдастыру

әрекет ететін орындарға күштермен құралдарды жылжытуды ұйымдастыру

берілген тапсырмалардың орындалуына бақылау жүргізу, жүктелген жедел-қызметтік және қызметтік-әскери міндеттерді орындау үшін көмек көрсету,

қалыптасқан жағдайларға байланысты арнайы шараларды жүргізуді қамтамасыз ету

Бағыныстығы бойынша қойылған міндеттерді орындау туралы баянат ету

күштермен құралдарды дайындауды жетілдіру бойынша шараларды құру, жедел жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қызметтік-әскери міндеттерді орындау нәтижесін талдау

## Жаппай шараларды жүргізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету

## Жаппай шаралардың түсінігі және түрлері

Жаппай шаралар – бұл көп адамдардың қатысуымен, еңбек етушілердің саяси, діни, физикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағат ету мақсатында, өздерінің құқықтарын және бостандықтарын жүзеге асыру нысаны ретінде, сонымен қатар қоғамда адамдар арасында әлеуметтік қатынасу нысаны және жалпы қоғамның, ұжымның және тұлғаның бірлігін анықтайтын тәсілі болатын әрекеттердің жиынтығы немесе әлеуметтік өмірдің құбылысы

| қоғамдық саяси | бұқаралық-мәдени | спорттық | діни |
|---|---|---|---|
| демонстрациялар | серуендеу | жарыстар | пасха |
| митингілер | карнавалдар | спартакиадалар | ораза |
| сайлаулар | концерттер | олипиадалар | рәсімдер |
| шерулер | фестивальдар | | |

## Жаппай шаралар жүргізу кезінде ІІО негізгі міндеттері

азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін жағдай жасау

болатын қылмыстардың, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту

жаппай шараларды сәтті өткізуді қамтамасыз ету

қатысушылармен және көрермендермен белгіленген жүріс-тұрыс ережелерін қатаң түрде сақтауын қамтамасыз ету

жаппай шаралар өткізілмейтін жерлерде қоғамдық тәртіпті қорғауды әлсіретуге жол бермеу

жол қозғалыс қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету

қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қоғамдық ұйымдармен және мекемелерге көмек көрсету

## Жаппай шаралар жүргізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау ерекшеліктері

- өткізілетін шараның сипаты
- шектеулі аумақта адамдар саннның көптігі (топтың жағдайы)
- болып жатқан оқиғалардың динамикасы мен тездігі
- жедел жағдайдың тез өзгеруі
- қатысушы адамдардың ерекше контингенті (әр түрлі командаларға жататын агрессиялы рухтағы жанкүйерлердің тобы немесе мас күйіндегі адамдар және т.б)
- жаппай шаралар өткізудің спорттық көрініс немесе басқада объектілердің орналасу ерекшелігі
- жаппай шаралар өткізу кезінде қалалық транспорттардың жүру бағыт өзгерту және кейбір кәсіпорындардың жұмыстарын уақытша тоқтату қажеттілігі
- жаппай шара өткізу кезінде ауа райы жағдайын міндетті түрде ескеру

# Жаппай шаралар жүргізу кезінде қоғамдық тәртіпті қорғаудың ұйымдастыру жұмыстарының сатылары

**дайындалу**

Дайындау сатысының мақсаты басқару шешімдерін өндіру және тапсырмаларды нақтылау, анықтау және оларды орындаудың тәсілін анықтау. Ол шараны өткізу жағдайлары және уақыты, орны, сипаты, оның бағдарламасы және реттелуі туралы, ұсынылатын саны және қатысышылардың құрамы туралы ақапараттарды жинудан басталады. Осы сатының құрастыру бөлімін жергілікті тексеру. Аумақта жоспарлауы, оның жабдықталуы, оған келудің жолдары және т.б., зерделенеді. Дайындалу кезеңінің қажетті элементтерінің бірі болып қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді арнайы жоспар бойынша басқару шешімдерін қабылдау және дайындау болып табылады. Жоспардың жобасы қажетті ұйымдармен келісіліп ІІО бастығымен бекітіледі

**орындау**

Орындау сатысы кезінде жоспарда көрсетілген барлық әрекеттер орындалады, яғни жеке құрам жиналатын орындарға уақытында келуінен бастап, олардың жеке киімдерін, жабдықтарын тексеру және олардың алдына қойылған тапсырмалармен қызметтік міндеттерін орындаумен аяқталады. Осы сатыда маңызды шешілетін тапсырмалардың бірі болып шараларда көрсетілген тәртіпке сай қамтамасыз ету болып табылады:

- жаппай шаралар жүргізілетін ауданда қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет нарядтары ұйымдастырылады;
- қоршауға алған аумақтан ұйымдық емес халық шығарылады;
- жүргіншілердің және көліктің қозғалыстарына жоспарда көрсетілген шектеулер енгізіледі;
- өткізу режимі ұйымдастырылады бақылау өткізу пункті арқылы билеттері мен рұқсаттамасы жоқ тұлғалар және мас күйіндегі адамдар, сонымен қатар өздерімен бірге қару, көлемді заттары және спирттік ішімдіктері барлар өткізілмейді;
- көрермендермен және қатысушылармен бекітілген жүріс-тұрысын ережесін сақтауын бақылауға алу

**қорытынды**

Қорытынды сатысының ең басты шараға қатысушыларды оның өткізу орынынан тыс жерге ешқандай кедергісіз шығып кетуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар оның өткізу орынын полиция нарядтарының күштерімен тексеріледі. Бір мезгілде көліктердің қозғалысының және сауда кәсіпорындарының жұмыстарының, адамдардың қозғалысының және тағы басқалардың шектеулері алынады. Қызмет атқарудың жалпы және жеке учаскелердегі нәтижелері қаралады, тиімді жақтары және кемшіліктері ескеріледі.

# Жаппай іс-шаралар жүргізу кезінде қолданылатын ІІО нарядтарының түрлері

**құрсау** – көпшілік шаралар жүргізілетін аумаққа бөгде адамдарды жібермеу мақсатымен, сондай-ақ іс-шараларға қатысушылар мен көрермендер орналасқан жерлерде шараларға қатысушылар, көрермендер немесе ара жігін ажырату шаршы топтарының ұйымдасқан түрде қозғалуын қамтамасыз ететін бағыттаушы дәліздер құру үшін қойылады. Құрсаулардың құрамына полиция қызметкерлері, әскери қызметкерлер, көпшілік өкілдері кіре алады

**ертіп жүру тобы** - колонналар сап түзеу кезеңінде, оларға арналған жерлерде оларға еріп жүру және орналастыру кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді

**бақылау бекеті** – көпшілік іс-шараларды жүргізу және жағдайдың өзгеруі барысында дер кезінде ақпаратты қамтамасыз етеді. Ол аумақты жақсы шолуды қамтамасыз ететін пункттерде орналасады және қажетті техникалық құралдармен жабдықталады

**резерв** – көпшілік іс-шараларын жүргізу барысында жағдай шиеленіскен кезде қоғамдық тәртіпті сақтаудың міндеттерін шешуге арналады. Резерв ол тез арада қимылға кірісе алатындай жерде орналасуы тиіс

**патруль тобы** – ішкі істер органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлер және оқу орындарының (оларды жұмылдырған жағдайда) жеке құрамынан аумақтағы азаматтардың көпшілік іс-шаралар жүргізуге жақын аудандағы қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыру үшін қалыптасады

**жол қозғалысын шектеу тобы** – жол полициясы қызметкерлерінен қалыптасады және блоктау аймағының айналасында көлік, жаяу жүргіншілер қозғалысын ұйымдастырады, сондай-ақ арнайы іс-шаралар өткізілетін жерлерге ішкі істер органдарының және ішкі әскерлер, апат-құтқару қызметтерінің автокөліктерінің бөгетсіз өтуін қамтамасыз етеді

**Заңдарды түсіндіру тобы –** ішкі істер органдарының мейлінше дайындалған қызметкерлер санынан құрылады. Бұл топтың басты міндеті көпшілік іс-шараларға қатысушылар арасында түсіндіру жұмысын жүргізу болып табылады

**Байланысты қамтамасыз ету тобы** – байланыс және арнайы техника бөлімшелерінің, сондай-ақ байланыс құралдарымен жұмыс істеу дағдысы бар жеке құрамның қызметкерлерінен құрылады. Ол күштер мен құралдарды сенімді басқаруды қамтамасыз етуге бейімделеді. Радиоқұралдарының байланысын қолдану және жұмыс тәртібін жедел штабтың бастығы анықтайды

**қоршау (блоктау) тобы** - полицияның саптық бөлімшелері және ішкі әскер бөлімшелерінің (олар жұмылдырылған жағдайда) жеке құрамынан құрылады. Топ азаматтардың енуін шектеу, қоршау (блоктау) ауданына белсенді түрде енуге тырысқан адамдарды сүзгіден өткізу пунктіне бағыттау, құқық бұзушыларды ұстау, іс-шара өткізілетін ауданға бөтен көліктің өтуін тоқтату мақсатымен жергілікті тиісті ауданын қоршауды (блоктауды) жүзеге асырады. Қажетті жерлерде азаматтарды, көлікті ұйымдасқан түрде өткізу, құқыққа қарсы қимылдардың ұйымдастырушылары мен белсенді мүшелерін анықтау (ұстау) үшін БӨП құрылады

**құқық бұзушылықтарды тіркеу тобы** - криминалдық полиция бөлімшелерінің қызметкерлерінен құрылады, сырттай (визуального) бақылау, фото суретке түсіру, бейне және дыбыс жазбалары құралдарымен жабдықталады. Оқиға болған жерде құқыққа қарсы қимылдарды құжаттауды, жеткізілген құқық бұзушыларды тексеруді қамтамасыз етеді.

